

**АКАДЕМИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
Международной научно-практической конференции  
«Развитие военного образования в контексте обеспечения  
военной безопасности Казахстана»**

**Часть 2**

**Петропавловск, 2022**

УДК 355.23. (574)  
ББК 68.49 (5Каз)3  
Р17

Издается по решению Ученого совета Академии Национальной гвардии Республики Казахстан (протокол № 9 от 30 марта 2022 года).

Р17 Развитие военного образования в контексте обеспечения военной безопасности Казахстана: междунар. науч.-практич. конф. / под общ. ред. генерал-майора Абжанова Б.С. – Петропавловск: АНГ Республики Казахстан, 2022. – Часть 2. – 281 с.

ISBN 978-601-322-580-7

В сборнике конференции представлены тезисы докладов офицеров Главного командования и преподавателей учебных заведений МВД, КНБ, МО Российской Федерации, Республики Беларусь, Республики Узбекистан и Республики Казахстан, посвященных проблемам развития системы военного образования как важнейшего фактора обеспечения национальной безопасности страны.

Сборник адресован широкому кругу читателей.

УДК 355.23. (574)  
ББК 68.49 (5Каз)3

ISBN 978-601-322-580-7

© Академия НГ РК, 2022  
© военно-научный отдел АНГ, 2022

# **Әскери-оқу орындарының цифрландыру жағдайында білім беру процесін трансформациялауға әзір болуын қалыптастыру**

## **Формирование готовности военно-учебных заведений к трансформации образовательного процесса в условиях цифровизации**

### **Білім беру жүйесін жаңалау, проблемалары және оларды қазіргі заманғы жағдайда шешу жолдары**

#### **Модернизация системы образования, проблемы и пути их решения в современных условиях**

**К.К. АБИЛГАЛАМОВА**, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы Академиясы тілдік дайындығы кафедрасының оқытушысы, подполковник.

#### **ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ**

*Мақалада интерактивті әдістердің психологиялық негіздерін қарастырылған. Зерттеуші ғалымдардың интерактивті оқыту жайлы зерделеген тұжырымдары айшықталады. Психологиялық түсініктер ғылыми жағынан сараланған. Оқыту мен тәрбиелеу психологиямен байланыстырылып анықталған.*

*Түйінді ұғымдар:* шығармашылық, пәнаралық байланыс, әдіс, педагог-ғалымдар, тіл дамыту, тіл, білім мен тәрбие, жеке тұлға.

Қазақ тілін әдебиетпен байланыстырып шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстарының нәтижесінде оқушылардың ойлау үрдісі дами түседі. Шығармашылық жұмыстар ең алдымен оқушының шығармашылық ойын дамытады. Ойлау ғалымдардың зерттеуі бойынша өнімді, өнімсіз, шығармашылық, шығармашылық емес болып бөлінеді. Шығармашылық ойлаудың ерекшелігі сол – оқушының өз бетімен жаңа білімге қол жеткізуі және жаңа нәрсені табуында. Шығармашылық ойлау – адам дамуының ең басты сатысы. Оның мақсаты ойлап табу, дайындау, бір нәрсені жасау, құрастыру т.б.

Сөйлеу тілінің дамуы – ойлаудың дамуымен тығыз байланысты, бұл екеуі бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жетілдіреді. Ойдағының бәрі тілде үнемі көрініс таба бермеуі мүмкін, алайда көкіректе сана, ойда негіз бар болса, айтарға да сөз табылады.

Сондықтан пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстары осы мәселелерді дамытуды мақсат етеді. Тіл дамыту жұмыстарының арнайы берілген тапсырмалар оқушылардың қиял үрдісінің дамуына түрткі жасайды. Мысалы, оқушылардың қиялдарына, ойларына ерік бере отырып, берілген тапсырмаларға модель жасап және оны қорғатуға болады.

Оқушылар пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстарды орындап шығуы, ақыл-ойларының жоғарғы дәрежеде дамыған бай қиялының үрдісінен туындалады. Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жас ерекшеліктерінен лайықталып жасалуы тиіс.

Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде көбінесе қайта жасау қиялы оқушының психикасын активтендіре түседі. Шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстары оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге дейін көтеріп, білімді оқушылар өз іс-әрекеттері арқылы алуына көмектеседі. Осы жерде шығармашылық қиялдың орны ерекше деуге болады. Шығарма – тебіреніс, шығарма – толғау, арман – толғау сияқты шығармашылық тапсырмаларды орындаған кезде

оқушылардың эмоциялары өзгеріп, шабыт сезімдері пайда болады. Шығармашылықтың ең жоғарғы деңгейі.

Оқушылардың шығармашылық тапсырмаларға зейінін аударғанын сыртқы бет-пішінінен, үңілу, құлақ тігу, бастың, көздерінің түрлі қозғалыстарынан байқауға болады.

Білім мазмұнын тереңдету, байыту – бүгінгі білім беру ісінің өзекжарды мәселелерінің бірі. Әр түрлі ғылым салаларын, яғни бауырлас, сипаттас ғылымдарды бірлікте қарастыру – жеке тұлғаның жан-жақты әрі толық білім алуы мен рухани дамуына мүмкіндік әкеледі. Пәнаралық байланыс, яғни «интеграция» дәстүрлі оқыту кезеңінде де назардан тыс қалмады. Педагогика тарихын зерделегенде, пәнаралық байланыстың қажеттіліктен туғанын түсінуге болады.

Кейінгі педагог-ғалымдар, психологтар В.В.Давыдов, Б.П.Ананьев, Л.С.Выготский, Элькониндер де пәнаралық байланыстың теориялық мәселесімен қоса, оның білімді тереңдетіп берудегі орны мен маңызына тоқталады [2, 12, 16].

Ғалымдар пәнаралық байланысты ең алдымен пән ішінен іздестіруді айтады. Пәнаралық байланыстағы тұтастықпен қоса жүйелілікті сөз етеді.

М.А.Данилов пен Б.Л.Есипов сынды ғалымдар пәнаралық байланыстағы оқушылардың дайындығы, олардың белсенділіктері, осы іс-әрекетті ұйымдастырудағы мұғалімнің орнына тоқталды.

Оқыту процесінде пәнаралық байланыс оның маңызы туралы Я.А.Коменский, Ф.А.Дистерверг, И.Ф.Гербарт, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский сияқты ірі педагогтар өз кезінде жазған болатын. Ал біздің заманымыздың 60-70-ші жылдарынан бастап осы мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Ғалым-педагогтар пәнаралық байланыстың, біріншіден, оқушылардың таным-белсендігін арттыратынын, екіншіден, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыратынын, үшіншіден, терең де тиянақты білімімен қаруландыратынын дәлелдеді.

Қазақ тілі мен әдебиетін бірлікте қарау, олардың тек дұрыс сөйлеуі, тіл нормаларын меңгеруі ғана емес, ойларын көркем де жатық жеткізе білуінің ең басты жолы болып табылады.

Пәндерді біріктіріп, солардың аясында терең білім беру туралы ұлы ғалым-педагог Ы.Алтынсарин да кезінде келелі пікір білдірген. Ғалым қазақ балаларына орыстың тілі мен жазуын жете меңгеруді үйрету керек қой дей отырып, мынадай келелі ой тастайды: «Тарих, география сияқты пәндердің бәрін оқыту жұмысы осы жоғарыда айтылып отырған басты міндетке байланыстыра қойылып отыр; бұл пәндер түсініп оқуды, оқығандарын ауызекі айтып шығуды, ал кейін (кейде) жазба түрде баяндауды талап етеді, сондықтан оқушылардың осы пәндер жөніндегі білімдерін көбейтумен қатар, олардың орысша түсінісе білуіне және сөзбен түсіндірілгендерін, ойларын жазып бере білуіне айтарлықтай көмектеседі» [3, 288]. Ұлы педагог тілді үйрету үшін ана тілін негізге ала отырып, барлық гуманитарлық пәндерді байланыста, бірлікте қарастыру керектігін көрсетеді. Ы.Алтынсарин орыс тілін үйрету үшін ертегілер, әңгіме, мысалдардың мәтінін кеңірек пайдаланған. Бұдан шығатын қорытынды: педагог тіл сабақтарын әдебиетпен байланыстыра өткізудің маңызын сол кездің өзінде-ақ айқын дәлелдеген.

Біздің заманымыздағы пәнаралық байланыс айналасындағы педагог-ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздар мына мәселелерге ерекше көңіл бөлді:

- пәнаралық байланыс айналасындағы тәжірибелі мұғалімдер ізденісін кеңінен қолдау;
- мұғалімдер білімін көтеру институттарында пәнаралық байланысқа ерекше көңіл бөле отырып, олардың осы мәселедегі білімін жан-жақты жетілдіру;
- оқулықтар мен оқу бағдарламаларында, оқу құралдарында пәнаралық байланыс мәселесіне ерекше көңіл бөлу, толықтыру, өңдеу.

Пәнаралық байланысқа осылай маңыз беру заман ағымы, заман талабынан туындаған. Елдегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогрестің өркендеуі, кең қанат жаюы ғылым салаларынан бірліктегі, тұтастықтағы ізденісін талап етті. Бұл мәселелер білім беру ісіне де игі ықпалын тигізіп, пәнаралық байланыс үрдісіне көңіл аудартты.

Пәнаралық байланысты дидактикалық принцип ретінде қарастырған жөн. Себебі, ең алдымен, ол білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерге тікелей байланысты. Оны тиімді, нәтижелі түрде тәжірибеде жүзеге асыру мұғалім іскерлігін талап етеді. Ол мына мәселелерді ұстаным етеді:

- оқу материалындағы үндес, сәйкес келетін тақырыптарды деректерді дәл тауып, оларды үйлестіре отырып, тәжірибеге пайдаланудың инновациялық технологиясынан іздену;
- оқушылардың бұрынғы білімдерін жаңа білімді игеру мақсатында тиімді пайдалана білу дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру;
- оқушылардың өзіндік дербес ізденістерін ұйымдастыра білу. Олардың оқу материалынан үндес, сәйкес ұғымдарды тауып, өзбеттерімен салыстыру, қорытынды жасау, жинақтау, тұжырымдар жасау қабілеттерін дамыту;
- оқушы-субъектінің когнитивтік іс-әрекетіне ерекше көңіл бөлу;
- оқушылардың пәнаралық байланыс арқылы терең де толық білім алуына жағдай жасай отырып, олардың ол білімді шығармашылық жолмен тәжірибеге пайдалана білу іскерлігін де жетілдіру;

Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту – шығармашылық өнерпаздықты талап ететін үрдіс. Үйреншікті жаттығулар, сұрақ-жауаптар, ескірген жазба жұмыстары, репродуктивті тәсілдер өнімді нәтиже бермейді. Тіл дамытудың тың технологиясынан іздену, сол арқылы өнімді нәтижеге қол жеткізу қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың бүгінгі таңдағы ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту үрдісінің алдында тұрған төмендегідей өзекжарды мәселелерді көрсетуге болады:

1. Тіл дамыту жұмыстарын жеке тұлғаға қарай бағыттап жүргізудің тың, инновациялық технологиясынан іздену.

2. Оқытудың өнімді түрлерін саралай отырып, соның негізінде тіл дамытудың тиімді жолдарын анықтау әдістемесін жетілдіру.

3. Белгілі бір сыныптағы қазақ тілі мен әдебиетінен өтілетін тақырыптарды бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысқа негізделген шығармалық жұмыстар жүйесін жасау, технологиясы мен өнімді әдіс-тәсілдерін ұсыну.

4. Шығармашылық бағыттағы тіл дамыту жұмыстары арқылы рухани бай жеке тұлға қалыптастыру, тәрбие беру үрдістерінің инновациялық технологиясынан іздену.

Дамыта оқытудың пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту үрдісіндегі орны, маңызы ерекше. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға мүлдем қарама-қарсы альтернативті оқыту түрі. Дәстүрлі оқытудың басты мақсаты білім беру, оқушылардың іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру болса, дамыта оқыту білімде де, тәрбиені де жеке тұлғаға бағыттап отырып, оны жан-жақты дамытуды мақсат етеді. Дамыта оқыту оқушыны субъект ретінде қарастырады.

Дамыта оқытудың негізін салушылардың басында тұрған В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконийлер оның ерекше тиімділігін баланың білімді өз бетімен алуы, оның ізгілік бағыты, іс-әрекеттегі шығармашылық, өнерпаздықпен түсіндіреді. Дамыта оқыту жеке тұлғаның ойлауын, танымын, есте сақтау қабілетін, эмоциясын, сезімін, жан дүниесін, тілін, ерік-қайраты, мінезін, дарынын дамытуға бағытталады. Ойлаудың өзін ғалымдар өнімді-өнімсіз, шығармашылық, шығармашылық емес деп бөледі. Ал дамыта оқыту тұлғаның шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың бұл түрі оқушылардың теориялық ойлау қабілеттерін дамытуды негізгі мақсаты етеді. Ал енді теориялық ойлау – оқушының бір нәрсе, құбылыс туралы, олардың жаратылысы, мән-мағынасы, қасиеттері туралы зерттеулерінің сөз арқылы көрініс табатын іс-әрекеті. Теориялық ойлау диалогиялық әңгіме, пікірталас арқылы қалыптасады, сол арқылы жарыққа шығады. Құбылыс, зат туралы таным үлкен ақыл-ой еңбегін қажет етеді. Сондықтан да дамыта оқыту ең алдымен оқушылардың санасын, ойлау іс-әрекеттерін дамытуды көздейді. Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстардағы

дамыта оқытудың ерекшелігін, дәстүрлі оқыту түрлерімен салыстыра отырып, төмендегідей саралауға болады:

- білім ғана емес, оқушылардың абстрактілі ойлау іс-әрекеттері, ғылыми танымы, тұлғалық қасиеттерін дамытудың алдыңғы кезекте тұруы.

- оқу үрдісінің тікелей тұлғаға бағытталуы. Оқушы субъектінің, білімді өз ізденісі, жетістіктері арқылы алуы.

- сабақтың барлық кезеңдерінде ол – белсенді тұлға (зерттеуші), өнім беруші, өз іс-әрекетін талдаушы

- мұғалім – әр баланың танымдық түйсігін оята отырып, оларды даму аймағына кіргізуші.

- дамыта оқытуға негізделген сабақ, ұжымдық ойлау іс-әрекеті, диалог, пікір-талас, іскерлік қарым-қатынастармен ерекшеленеді. Мұғалім оқушыларға дайын біліммен емес, проблемалық сұрақпен келеді, берілетін білім проблемалық баяндау негізінде болад. Оны шешу, мақсатқа жету оқушының өз іс-әрекеті арқылы жүреді. Оған жетудің әдіс-тәсілдері, жолдарын өзі табады. Модель, жоба жасау, оны қорғау – дамыта оқытудағы басты әдіс-тәсіл. Дамыта оқыту оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады. Ал шығармашылық ойлау шығармашылық табыстарға жетудің кепілі.

Қазақ тілін әдебиетпен байланыстыра оқытуда шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту үрдісіндегі ұжымдық оқытудың тиімділігін былай саралауға болады:

- топтық, жұптық жұмыстарда балалар үнемі сөйлеу, пікір алмасу, пікірталас қатынасында болады;

- бірінші кезеңде әр бала тапсырманы жеке орындайды;

- екінші кезеңде бір-біріне түсіндіреді;

- үшінші кезеңде бірлесе келіп, бір-бірінің жұмысына пікір айтады, түзетеді, ортақ қорытындыға келеді;

- төртінші кезеңде бүкіл ұжым болып талқылайды, қорытынды жасайды. Қай кезеңде болмасын баланың тілі, ойын еркін жеткізу дағдылары дамиды. Ұжымдық оқытуда балаға толық еркіндік беріледі, олар өз-өзін және бір-бірін оқытады.

Жұмыстың барлық кезеңі мақсатқа жетуде оқушылардың ауызекі сөйлеу тілі белсенділікте болады. Бұның өзі ұжымдық оқытудағы тілдің орнын ешбір түсініксіз дәлелдейді.

Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту үрдісінде оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдірудің орны ерекше. Инновациялық технология оның жаңа, өнімді технологиясынан ізденуді алдыға алып келді.

Тіл дамыту үрдісінде оқушылардың байланыстыра сөйлеуі және ауызекі сөйлеу тілдерінің жетілуіне ерекше көңіл бөлінеді. Ауызекі сөйлеу тілді дамыту ең алдымен оқушылардың сөздік қорын байытудан басталады.

Ауызекі сөйлеу тілі тіл байлығымен ғана емес, сөйлеу мәдениетімен де тығыз байланыста болып келеді. Ойды шебер, жатық, жүйелі тілмен жеткізуде дауыс ырғағы әрі сөзді айқын, мәнерлі айта білудің маңызы зор. Тіл дамыту үрдісінде осы мәселелерге айрықша көңіл бөлген жөн.

Ұжымдық оқыту тәсілінде оқушылар үнемі бір-бірімен ауызша тілдеседі, ауызекі сөйлеу тілінде қарым-қатынас жасайды. Мұның өзі ешбір дәлелдеусіз оның тіл дамытудағы орнын айқындайды.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. А.: Кітап, 2002. – 415 б.
2. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков. Под ред. Д.Б. Эльконина, Т.В. Драгуновой. - Москва, 1985. – 111 с.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. А.: Ғылым, 2014. – 413 б.

*В статье рассмотрены психологические основы интерактивных методов. Показаны результаты исследований интерактивного обучения. Дан анализ психологического объяснения с научной точки зрения. Определена связь обучения и воспитания с психологией.*

*Ключевые слова:* творчество, межпредметные связи, метод, педагог-ученый, развитие языка, язык, обучение и воспитание, личность.

*The psychological bases of interactive methods are considered in the article. The results of interactive teaching research are shown. The analysis of psychological explanation from the scientific point of view is given. Connection teaching and upbringing with psychology is determined.*

*Key words:* creativity, intersubject connections, teacher -scientist, language development, language, teaching and upbringing, personality.

\*\*\*\*\*

**А.Е. АБИЛЬМАЖИНОВА**, старший офицер военно-научного отдела Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, магистр педагогики и психологии высшей школы, подполковник.

### **РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА КУРСАНТОВ ВОЕННОГО ВУЗА В ПРОЦЕССЕ ИХ СОЦИАЛЬНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ**

*В статье рассматриваются вопросы профессионального воспитания и становления курсантов военных вузов в процессе поэтапного входа в профессию будущего офицера как субъекта военно-профессиональной деятельности.*

*Ключевые слова:* обучение, воспитание, профессионализм, курсанты, будущие офицеры, военная служба.

Динамика развития военного дела во всем мире, неуклонное внедрение достижений военной науки в повседневную деятельность и боевое применение войск, совершенствование военных технологий, а также масштаб военных приготовлений ведущих стран мира и обострение военно-политической обстановки в ряде регионов предполагают повышение качества подготовки военных кадров путем концентрации научно-педагогического потенциала.

Главная задача – обучение и воспитание нового поколения специалистов, социально активных членов общества с высоким уровнем развития интеллекта, национального самосознания, национального духа, духа патриотизма, исторического сознания и социальной памяти.

В связи с этим приобретает значение актуализация развития профессионализма курсантов вузов в процессе их социально-профессионального воспитания.

Профессионализм есть акмеологическое понятие, которое не может быть рассмотрено вне условий военного социума и вне процесса военно-профессиональной деятельности, а это значит, что воспитание офицера-профессионала имеет выраженный социальный контекст.

Быть профессионалом это значит:

- обладать способностью, выполнять профессиональные обязанности,
- постоянно развиваться и активно проявлять профессионально важные качества личности на каждом из уровней,
- на каждом уровне совершенствовать систему общественно-производственных связей и отношений.

Профессионал - это не только компетентность, но и статус в социально-профессиональной группе, признаваемый другими представителями профессии.

В теориях профессионального становления Э.Ф. Зеера [3], Е.А. Климова [4], А.К. Марковой [5] описывается, что внутри этого процесса происходит:

- рост способности развивать саму профессиональную деятельность, среду и отношения как ее компоненты;
- профессиональное самоопределение, личностная и профессиональная самореализация;
- развитие профессиональной направленности и ее трансформация на протяжении профессиональной жизни;
- продуктивное, качественное изменение личности, ее профессионально важных качеств и субъектной позиции, мировоззрения и концепций самореализации.

Это процесс поэтапного и постепенного вхождения человека в профессию, одним из факторов которого является целенаправленная поддержка, специальная педагогическая деятельность, особенно на этапе профессионального образования.

Воспитание курсантов будущих офицеров происходит в условиях как воинского, так и открытого социума. Он - такой же участник и творец социальных отношений, как и любой другой член общества, но особые условия военно-профессиональной деятельности и прежде всего добровольный отказ от ряда свобод в пользу государства, необходимость сознательно рисковать своей жизнью и здоровьем, предоставленное легитимно право применения вооруженного насилия значительно изменяют параметры его социализации.

Исследования в области воспитания военнослужащих неизменно выделяют офицеров в особую категорию субъектов воспитания, что, с одной стороны, связано с ролью офицерского корпуса в организации военной силы государства, с другой стороны, - с их намерением связать с военно-профессиональной деятельностью всю свою жизнь, искать в ней возможности личностной и профессиональной самореализации.

Стратегия современного военного строительства заключается в одновременном развитии всех системных компонентов военно-профессиональной деятельности: средств, технологий и кадров при опережающем развитии человеческого потенциала.

Определяя сущность и структуру профессионализма, обратимся к факторам профессионального становления, активным на уровнях трудового коллектива, корпорации, социально-профессиональной группы и открытого социума.

Быть профессионалом это значит:

- обладать способностью, выполнять профессиональные обязанности,
- постоянно развиваться и активно проявлять профессионально важные качества личности на каждом из уровней,
- на каждом уровне совершенствовать систему общественно-производственных связей и отношений.

Профессионализм по своей сути представляется процессом поэтапного и постепенного вхождения человека в профессию, одним из факторов которого является целенаправленная поддержка, специальная педагогическая деятельность, особенно на этапе профессионального образования.

Наиболее важными и существенными личностными образованиями, определяющими отношение будущего офицера к профессии, мы определили:

- военно-профессиональную направленность личности;
- профессиональное самосознание;
- ориентацию на нормы и ценности офицерского корпуса.

Условия формирования военно-профессиональной направленности личности:

- организованный контакт с военно-профессиональной деятельностью с постепенным усложнением;
- полноценное представление о военно-профессиональной деятельности, военно-профессиональной среде, военно-социальных связях и отношениях;
- полноценное представление о себе как субъекте военно-профессиональной деятельности, осознание перспектив профессиональной и личностной самореализации;

- психолого-педагогическое сопровождение, помощь в разрешении проблем и трудностей, возникающих при формировании отношения к военной профессии, в формировании профессиональных планов и программ;

- другие условия.

Профессиональное становление офицера выделяется как отдельный объект психолого-педагогических исследований, как правило, в связи со спецификой военно-профессиональной деятельности и профессионального военного образования, определяющих его уникальность.

Профессиональное воспитание будущего офицера в современных условиях все более приобретает социальный контекст и социальные задачи.

Одним из эффективных путей дальнейшей разработки проблемы профессионального воспитания будущих офицеров вследствие этого становится создание систем социально-профессионального воспитания.

Моделирование социально-профессионального воспитания будущих офицеров необходимо для воспроизводства этой системы в образовательном процессе военного вуза и обеспечения ее функционирования, поэтому для решения задач исследования необходимы структурная и функциональная модели, дополняющие друг друга.

Цель социально-профессионального воспитания есть идеальный образ результата, который мы раскрывали через понятие «профессионализм».

Это устойчивое интегративное качество личности, обеспечивающее:

- выполнение офицером своего воинского долга, личностную и профессиональную самореализацию в военно-профессиональной деятельности, статус;

- признание другими представителями офицерского корпуса, освоение роли и построение жизненно важной системы социальных связей и отношений в военно-профессиональной среде и в открытом социуме.

Исследования сложившейся практики профессионального воспитания курсантов военного вуза позволили определить наличие проблем профессионального становления молодых офицеров, связанных с организацией, содержанием и результатом их профессионального воспитания на этапе профессионального военного образования.

Несмотря на общую тенденцию повышения престижа военной службы, мотивации курсантов к военно-профессиональной деятельности, профессиональное становление молодого офицера по-прежнему остается достаточно сложным и противоречивым процессом.

Характерным для сложившейся практики является несоответствие сложившихся у выпускников военного вуза представлений реальным условиям военной службы, характеру взаимодействия в военном и открытом социуме.

Достижение профессионализма как желаемого результата профессионального становления требует освоения специфических должностных обязанностей, адаптации к конкретным условиям военной службы, построения системы профессиональных связей и отношений, к чему выпускники оказались готовы далеко не полностью.

Затруднения в профессиональном становлении, вызывающие неудовлетворенность молодых офицеров военной службой, можно отнести к результатам их социально-профессионального воспитания в военном вузе. Налицо противоречие между значением профессионального становления офицера-выпускника в его военно-профессиональной деятельности и обеспечением этого процесса в профессиональном воспитании курсанта военного вуза.

Достижение курсантом профессионализма на этапе профессионального военного образования мы связываем с процессом профессионального становления, которому социально-профессиональное воспитание способствует в том случае, если в нем соблюдены основные педагогические закономерности, следовательно, в социально-профессиональном воспитании будущих офицеров должны быть решены задачи, связанные с этими закономерностями.

### Список использованной литературы:

1 Бурнаев З.Р., Адельбаев Е.Б., Нагуманова Ж.М. Некоторые пути совершенствования системы военного образования Республики Казахстан // Совершенствование подготовки кадров в военно-учебных заведениях государств-участников СНГ: проблемы, пути их решения и перспективы (1 апреля 2020 г.): Мат-лы МНПК – Алматы: Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи, 2020. – С. 54 – 63.

2 Маукебай А.Б., Борамбаев К.А., Левина Ю.Д. Пути совершенствования системы военного образования и подготовки военных кадров // Совершенствование подготовки кадров в военно-учебных заведениях государств-участников СНГ: проблемы, пути их решения и перспективы (1 апреля 2020 г.): Мат-лы МНПК – Алматы: Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи, 2020. - С. 158 – 163.

3. Зеер Э.Ф. Психология профессий. М.: Академический проект, 2008. - 336 с.

4 Климов Е.А. Психология профессионала. Воронеж: НПО Модэк, 1996. - 400 с.

5. Маркова А.К. Психология профессионализма. М.: Знание, 1996. - 308 с.

*Мақалада әскери-кәсіби қызметтің субъектісі ретінде болашақ офицер мамандығына кезең-кезең мен кіру процесінде әскери жоғары оқу орындарының курсанттарын кәсіби тәрбиелеу және қалыптастыру мәселелері қарастырылады.*

*Түйінді сөздер:* оқыту, тәрбиелеу, кәсібилік, курсанттар, болашақофицерлер, әскери қызмет.

*The article deals with the issues of professional education and formation of cadets of military universities in the process of gradual entry into the profession of a future officer as a subject of military professional activity.*

*Keywords:* training, education, professionalism, cadets, future officers, military service.

\*\*\*\*\*

### **Ғ.К. АҚПАНОВА<sup>1</sup>, Д.К. КЕНЖЕБАЕВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушысы.

<sup>2</sup> М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы.

### **С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада жазушы С. Мұқанов шығармалары негізінде фразеологизмдердің синтаксистік ерекшелігі қарастырылады. Ғалымдардың пікірлері сараланып, жазушының туындылары арқылы теориялық еңбектер айшықталады.*

*Түйінді сөздер:* фразеологизмдер, синтаксис, шығарма, етістікті фразеологизм, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер.

Тұрақты тіркестерді синтаксистік қатысына қарай мына топтарға бөлуге болады:

1. Бастауыш пен баяндауышқа бөлінетін сипатты фразеологизмдер: *үрейі ұшты, жаны ашыды, күні туды, тауы шағылды* т.б. Мұндай тұрақты тіркестердің бірінші сыңары үнемі тәуелдік жалғауының III жағында тұрады да, етістік сыңары ашық райда келеді.

2. Анықтауыш пен анықтауыш мүшеге бөлінетін «сипатты» тұрақты тіркестердің: *еңкейген шал, еңбектеген бала, суық көз, ақ жүрек* т.б.

3. Пысықтауыш пен пысықтауыш мүшеге бөлінетін «сипатты» тұрақты тіркестердің: *күле қарады, күле қарап күңірене шықты* т.б.

4. Тура және жанама толықтауышпен толықталатын (не баяндауыш) «сипатты» тұрақты тіркестердің: *апшысын қуырды, сазайын тартты, намысқа шапты, сабасына түсті* т.б.

Жазушы С. Мұқанов туындыларында тұрақты сөз тіркестері тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің қызметін атқаратындығын жете таныдық. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері *бастауыш* пен *баяндауышқа* тоқталайық.

Тұрақты тіркесті бастауышты атау тұлғалы, көптік тұлғалы, тәуелдік тұлғалы, көмекші сөзді деп топтастыруға болады.

Атау тұлғалы тұрақты тіркестің бастауыш болуы бірінші және екінші сыңарының *зат есімді* сөз табынан болады. Мысалы: Басымдағы *балалықтың “құсы”* шырылдап ұша жөнелгендей болды [1, 103]. Осындағы *балалықтың “құсы”* тіркесі не деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде тұрақты тіркесті бастауыш қызметін атқарып тұр.

Сын есім мен зат есімнің атау тұлғада тіркесіп келіп, сөйлем де *тұрақты тіркесті бастауыш* қызметін атқара отырып, сөйлемге айқын мағына бере түседі. Мысалы: Есін білгелі киген *нәлет қамыт* ол бейшараның да мойнынан түскен жоқ [2, 100].

Шығыс септігінің жинақтау сан есімнен келген фразеологизмі бастауыш басқасөз таптарына қарағанда азырақ қолданылады. Бұған мысал: Мына дағарадай төрт бөлмеде сопайып *екеуден екеуіміз құлазып қалғанымыз зой*.

Етістікті тұрақты тіркестер бастауыш қызметін атқарған кезде *зат есім + есімше* формуласы бойынша құрылады. Сол секілді кейбір тәуелдік жалғаулы етістікті тұрақты тіркестер де бастауыш қызметінде кездесіп отырады.

Грамматика тұрғысынан қарағанда, жалпы тұрақты тіркестер синтаксистік (кей жағдайды морфологиялық) тұтастығын сақтап, басқа еркін тіркестер тобынан да, қалыпты сөйлем түрлерінен де бөлектеніп тұрады. Қазақ тілінің фразеологизм жүйесі де бұл ережені дұрыс деп қарастырады.

Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы. Бастауыштың жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын мүшені *баяндауыш* деп түсінеміз. Баяндауыш болатын мүше бастауыштың әртүрлі қимылын білдіреді. Баяндауыш негізінен етістікпен байланысты. Ал осы сөз табының қызметі де, грамматикалық көрінісі де жақсы дамыған. Сонымен қатар, баяндауыш есім сөздерден, өзгесөз таптарынан да бола береді.

Негізінен, баяндауыштар мағынасына, құрылысына қарай дара, күрделі болып бөлінеді. Тұрақты тіркестен болған баяндауыштар күрделі баяндауыштар болып табылады. Баяндауыштың тұрақты тіркесте жасалатыны туралы көзқарасты қазақ тіл білімінде ғалымдар еңбектерінен байқауға болады. С.Аманжолов бұл ерекшелікті «идиомдық баяндауыштың мысалдары» дей отырып, мынадай сөйлемдерді дәлелге ұсынады. «*Ол жауын жеңіп, құмарынан шықты*». Бұл сөйлемдегі баяндауыш тек «*шықты*» деп қоюға болмайды. «*Шықты*» деген сөз «*құмарынан*» деген сөзбен бірге тұрып қана баяндауыш болады. Жеке объект болғанымен, екі сөзді бір-бірінен ажыратуға болмайды. Осындай мағынасына сыртқы формасы сәйкес келмейтін сөйлемді *идиомдық сөйлем*, я, *идиомдық баяндауыш* дейміз [3, 114].

Қазақ тіліндегі құрама баяндауыштар есімдер мен етістіктерден құралады. Құрама баяндауыштың негізгі сөзі *есім* болады. Есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, оларға шақтық, видтік, модальдық мағына қосу керек болғанда, олардан кейін әртүрлі көмекші етістіктер, модальдық сөздер айтылады [4, 129].

Құрама баяндауыштар негізінен есімдер мен етістіктерден құралады. Құрама баяндауыштың негізгі сөзі зат есім, сын есім, есімдік, еліктеуіш сөздер болады да, оларға көмекші етістіктер (еді, екен, ет, бол, қыл, көр т.б.) немесе модальды сөздер (керек, тиіс, шығар, болар, сияқты т.б.) қатысты болады [4, 130].

Қазақ тілінде құрама баяндауыштар негізінен тұрақты сөз тіркестерінен болады. Тұрақты тіркесті құрама баяндауыштарда етістікпен үйірлесетін зат есімдер кездеседі. Олар

барлық септікте, басқа да жалғаулар тұлғасында келе береді. С.Мұқанов шығармаларында кездесетін бұл баяндауыштардың мынадай құрылымдық ерекшеліктері бар:

1. *Зат есім + етістік тұлғасында кездеседі. Бұл жерде зат есім атау тұлғада да, септік тұлғаларында да жұмсалады.* Мысалы:

*Атау тұлғалы зат есім мен етістік:* Бәрібір «иттің құлы итақайға» үлестіріп жатқан дүние, сен оны *намыс көрме*, мен *борыш көрмейін*, биыл қыс мылтықтың қарауылына, бүркіттің тұяғына іліккен олжаға екеуіміз ортақ болайық [5, 21].

Бірақ мұндың да шеті бар ғой, кейде көріне көзге мен Ғаббасқа *қиянат жасасам*, мінезі қатал Мұстафа, «өзінде де бар» деп, мені де жаққа тартып қалады, оның бәрі кек боп менің *ішіме жинала береді* [5, 73].

Келесі қарастыратынымыз – құрама тұрақты тіркесті баяндауыштардың көптік жалғауда келуі. Зат есімнің тұрақты тіркесті көптік тұлғада баяндауыш болуы өте сирек кездеседі. Бұндай жағдайда тұрақты тіркестің бірінші сыңары зат есімнен, екінші сыңары көптік жалғаулы туынды зат есім болып келеді. Бұл тұрақты тіркестердің көптік жалғаулы бастауышта келуіне қарағанда өте жиі кездесетін баяндауыштық тұлға болып саналады. Мысалы: «Қолы тастан қатты» дейді *таяқ жеушілер*. [6, 173].

Содан мұқыл боп қалған саусақтар сырнайдың пернесін жылдамдата басуға жетпейді, ақырын басып, азын-аулақ ойнауына айызы қанбайды, оңтайы оң жағына біткен Нұрмағамбет, сырнайды сол жақ қолымен үйренейін десе, саусақтары *ырқына көнбейді* [6, 110].

Оның күндіз келісіп қойған сенімді жігіттері түн жамылған Балуан Шолақ келгенде, *қолдарына түкіріп*, жәрдемге даяр отырды [6, 155].

Бұл жігіт «жаңашылмын» дегенде *жер-көкке сыймайды*. [1, 35].

– Бір күні, - деді Қошқарбай, тымағын басынан жұлып алып, ала сәуледен тұрып, мал жайласып, әлдеқалай қораның үстіне шыға келіп едім, аттары қыраулатқан бір-екі кісі сойылын сүйретіп, ағаң үйінен біздікіне қарай беттей берді [1, 38].

Өңшең көр ауылға келгенде, 25 жастан табан аузында 80-ге келген адамды көргендей, адам еріксіз *ойға батады екен* [1, 41].

*Зат есімнің табыс септігінің ашық және жасырын түрі мен етістік:*

Ғалия бұл сөзге *құлақ аспай*, тыйылудың орнына үдей берген соң, Қалампыр ұрысты [6, 229]. Сот арқылы ізденгілері келсе, *ебін тағы да табамыз!* [6, 111].

Сол толғаннан *есін жимаған*, бұрын да ауыр сырқат бейшара, таңға жақын *жан тапсырды* [6, 113].

Балуан Шолақ хауіп айтқан сөздерге *құлақ аспай*, шайын ішіп тысқа шықса, Сүт емген почта бай салт атпен келіп тұр екен [6, 131].

Оны сыйлайтын адамдардың қолынан келгені - *дәм татыру* [6, 178]. Жігіттер Ғалияның Балуан Шолаққа қылмындауын айтқанда, Қордабай *мұрнын шүйірді* [6, 180]. «Ауыл итінің құйрығы жуан» дегендей, ол әуелі өзін орнықты адамға, Балуанды қаңғырғанға санап, тілін алатын жігіттермен кеп, *білек көрсетпек болып* еді, Балуан білекке білек жұмсап, үйінен айдады да шықты [6, 224]. Қорғалып өлем бе? Тәңірі өзі берген жанын өзі алмай ма?» деп, ол намысына тиген жерлерде *сыбағасын жібермейді*, ерегіскен адамына қолы да, тілі де тиіп жүреді [6, 225].

*Көмектес септігіндегі зат есім мен етістік:* Не жұмысқа болса да, бар *ынтасымен кіріседі* де, қолы тиген жұмысын опырып жібереді [6, 105].

Мысалдардан танылатыны тұрақты тіркесті құрамды баяндауыштарда негізінен етістікпен үйірлесетін зат есімдер. Олар барлық септікте, басқа да жалғаулар тұлғасында келе береді.

2. *Зат есім + зат есім + етістік тұлғасында кездеседі.* Мысалы:

Сасқан Асқар, жүгіріп келе жатыр еді, маңдайы ашаға тарсете түсіп, есі ауып қала жаздады, *көзінің оты жарқ ете түсті* [2, 34]. *Әлегін аспаннан келтірер* еді, *күлін көкке ұшырар* еді [6, 210]. Урядникке бірдеме дейін деп еді, *өкпесі алқымына тығылып, аузына сөз түспей қалды* [2, 35]. Балуан абақтыға түскелі олардың ешқайсысы *ат ізін салған емес*, дәм

әкелген емес [6, 178]. Сонынды жат елде де істесең, *сүйекке таңба түсіресің* [5, 172]. Барамыз деп *ат басын бұрған* соң, несіне қайталайсың бір сөзінді? - деп Мәшік ұнатпап деді [5, 200]. Бұрын мұндай күшке кездеспеген түйе балуанның ашудан *бетіне түгі шықты* [6, 119].

3. *Зат есім + етістік + етістік тұлғасында кездеседі*. Мысалы: Біз осылай болсақ, қатындарымыз артымыздан *күл шашып табалар* еді. Манадан бері елеусіз тыңдаған кеңеске Балқаштың *құлағы түріле қалды* [6, 182].

Қайда барасың? - деді Қошқарбай, іңір асын ішіп, жирен жорғаны ерттеп, үйге келіп киініп, *белімді буынып жатыр ем* [1, 52].

Бәтесті көрмей *мауқым басылмай тұр* [1, 49].

Малбағардың *сөзі өтіп кетті* [1, 59].

Ауыз үйге шыға келсем, Еркін *кірпік қақпай отыр екен* [1, 60].

Офицер, чиновник дегендерді ол *ит етінен жек көретін еді* [2, 54].

4. *Тұрақты сөз тіркесті құрама баяндауыштардың бір сыңарын сын есімдер құрайды*. Сапалық есімдер мен есімдіктердің бәрі де баяндауыш қызметінде жұмсала береді. Сапалық есімдер әдетте зат есімдердің әр алуан сындық, сандық сапасын білдіріп, көбінше анықтауыш болумен қатар, баяндауыштық қызметте де көп айтылады. Мысалы: зат есім + сын есім + етістік тұлғасы: Атымды қазір ерттейін, - деді Ақылбай, - қатын-қалаш, балашағаның *аузы жеңіл болады* [6, 204].

Қазақ тілінде есім сөздердің қайсысы болса да баяндауыш қызметінде жұмсала береді, бұл үшін олардың қасында көмекші етістіктің болуы шарт емес. Мысалы:

Оның *жарасы жеңіл* [1, 56]. Патшаның *құрығы ұзын* [6, 228].

5. *Сан есімнің етістікпен тіркесіп келген құрама тұрақты тіркесті баяндауышқа мынадай мысал келтіруге болады*. Мысалы: «Анаң, Ғалия ұсталды» дегенде, тұла бойы мұздана қалған Балуанның қаны ілезде қайнап кетіп, *екі көзі қанталай қалды* [6, 240].

Есімді тұрақты тіркесті баяндауыш қызметінде жұмсалғанда өзіндік морфологиялық өзгерістерге ұшырап та, ұшырамай да сөйлемде әртүрлі жұмсалынады.

6. *Тұрақты сөз тіркесті құрама баяндауыштардың бір сыңарын үстеу мен зат есім етістікпен тіркес құрайды*. Бұл баяндауышқа мынадай мысал келтіруге болады. Зат есім + үстеу + етістік: *Белді бекем буайық* [6, 181].

Үстеудің етістікпен тіркесіп келген құрама тұрақты тіркесті баяндауышқа мынадай мысал келтіруге болады: Егер мұны бұл қалыппен *жүгенсіз жіберсең*, бүгін біздің қатынымызды тартып алса, ертең сенің қатыныңды тартып алады [6, 152].

Сол кек кеудесінде жүрген абақты қызметкерлері мас боп алғаннан кейін Завьяловты *жүндей тұтті* [6, 232]. «Өзіңе өзің *берік болсаң*, күйеуіңе сыйлы боласың» дейтіндері де бар [1, 109].

7. *Баяндауыш қызметінде жиі қолданылатын сөздердің тағы бір түрі - "бар", "жоқ" сөздері*. "Бар", "жоқ" сөздері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда бастауыштағы заттық ұғымның барлығының сапакөрсеткіші ретінде баяндайды. *Бар, жоқ* сөздері жайлы пікірлер әр түрлі. Ғалымдар бұларды есімді сөйлемдерге қосса, кей ғалымдар *бар, жоқ* сөзді баяндауыштарды не есімді, не етістікті баяндауыштарға қоспайды, оларды өз алдына *бар, жоқ* сөзді баяндауыштар деп береді. Бұл пікірлерден *бар, жоқ* сөздерінің қай топқа қосуға болатыны туралы белгілі бір тоқтамға келмеген сияқты.

С.Мұқанов шығармаларында "жоқ" сөзі тұрақты тіркесті баяндауыштар құрамында жиі кездеседі. Болымсыз мағынаны танытып, тұрақты тіркеспен үйлесе берілген. Мысалы: Жиналған жұрт оның тал бойынан *мін тапқан жоқ* [6, 122].

Бірақ бұлардың біреуіне де әкесі *міз баққан жоқ* [6, 161].

Расында да тағдырына мойынсұнған, Ғалия Біржанды еркек деп емес, ерім деп ұқты, сондықтан азғырушылар көп болғанмен, Біржанның *көзіне ол шөп салған да жоқ*, салам деп ойлаған да жоқ [6, 163].

Ояз да, оның әйелі де түн бойы *көз шырымын алған жоқ* [6, 197].

Шешем менен кейін *құрсақ көтерген жоқ* [1, 11].

Асқар мен Балтабек жолшыбай «ләм» деп үн қатысқан жоқ [2, 130].

Бірақ әзірге сөз қатқам жоқ, жай сыртқы буына ғана пісіп жүрмін [1, 36].

Жол қысқарту үшін қажымен кеңескім келіп еді, жөнді жауап бермей, кеңескісі келмегенін көрсеткен соң, ішімнен «тырысқан бір кесір, ит қажы екенсің» дедім де, қайтіп мазасын алғам жоқ [1, 63].

Содан бері атарға оғы жоқ [1, 108]. Қазір де отқа қарап отырғамыз жоқ: 60-70 жылқы, 10-нан аса түйе, 100-ден аса қой бар [7, 18].

Етістіктердің сөйлемдегі баяндауыш болу қызметі өте күшті. Сондықтан қазақ тілі сөйлемдері баяндауыштарының дені – етістікті баяндауыштар.

8. Қазақ тілінде әлденеше етістіктер түйдекті топ құрап, баяндауыш қызметінде жиі кездесетіні белгілі. Олардың көп құрамды болудағы баяндауыштың негізгі қызметі – кимыл процесінің ерекше реңктерін білдіру. Мысалы: Бір жағы эзіл, бір жағы сықақпен қымызға келген бозбалаларды ол ұршықтай үйіріп, билеп әкетті [6, 163].

Байжан жердің үстімен барып, астымен қайтты [1, 36]. Жалпы алғанда, екі партияның екіуінде де әкемнен апам қатаң: уақытсыз ассұрап мазасын алсаң, жұмсағанына бара қоймасаң, қаққанда қанымызды, соққанда сәлімізді алады [1, 12].

Тіл, көзге сақ боларсың, біздің тұқымға көз жақпайды [1, 28].

Жансызға жан бітіріп, жандымен тілдестіретін адамды, адам емес-ау, ақынды бұл заманның пайғамбары десең, болмас па! [1, 31].

Асқар құлағын тігіп, көзін қадай қойды [2, 15].

Ішімдегі сырымды түгел ақтарам дей алмаймын. Бүркітбайдың беті күліп, көзі ойнай бастады [2, 48].

9. Соңғы сыңарлары зат есімнен болған тұрақты тіркесті баяндауыштар. Бұл сөз табынан болған есімді баяндауыш атау тұлғада келеді. Мысалы: Жиын жерде қалжыңбас бозбалалардың қол жаулығы [2, 79].

Әрбір сөз табының лексикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілері болады. Синтаксис қызметі лексикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне қарай жіктеледі. Мысалы, баяндауыш, негізінен, лексика-морфологиялық мағынасына қарай етістіктен жасалуы керек, бастауыш, толықтауыш зат есімнен, пысықтауыш үстеуден жасалады.

Жоғарыда талданған мысалдар көрсеткендей, етістікті фразеологизмдердің бастауыш қызметке қарағанда, баяндауыш қызметке бейімдірек болып келетіндігі байқалады. Мұның өзі етістікті фразеологизмдердің құрамында етістіктің болуына байланысты. Ал етістіктер көп жағдайда сөйлемде баяндауыштық қызметте тұратындығы белгілі. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, етістікті фразеологизмдердің сөйлем мүшесі қызметін атқарудағы өзіндік орнының барлығын айта кеткен жөн.

Фразеологизмдер морфологиялық жағынан өзгеріске ұшырай отыра, тұрлаулы сөйлем мүшелерінің қызметінде көркемдікпен жұмсалған.

Тұрақты тіркесті анықтауыш келесі құрамда қарастырылды:

Сын есім+зат есім: анықтауыш сыңары сапалық сын есімнен фразеологизмдер прозаның өн бойынан табылады. Мысалы: Көк ине болмай, іске үйрен [1, 96].

Бұл дакөзі ашық деген, елде бас қыз деген қыз еді [1, 36].

Сондықтан әкем ел адамы болғанда парадан басқа түк білмейтін, надан, құр арам тамақ атқамінер емес, өзінше санасы бар, көзі ашық атқамінер [1, 19].

Зат есім+етістік: Сатып алған жылқының ”құйрығын майлау” әдеті бар [6, 138]. Денесі талдырмаштау болғанмен Кенжетайдың бір кісіден таяқ жемейтін күші бар еді [2, 29].

-атын, -етін, -йтін, -йтын жұрнақтары көмегімен жасалған анықтауыштар: Нұрмағамбеттің табысы қосылса, онда да тоқ жараулық қана күнелткенмен, “аштан өлмейтін, көштен қалмайтын” халге жетті [6, 104].

Тұрақты тіркесті анықтауыштың жасалуының үлкен бір тобы -дай, -дей, жұрнақтарымен келген тұрақты тіркесарқылы: Осы күні табаны күректей 10 бала бармыз, мұның сегізі қыз. [1, 11].

*Жүзіктің көзінен өткендей* жылпос жас болыс – Итбайды губернатор Николайға таныстырды [2, 39].

Әдетте анықтауыштың есімшеден жасалуы сияқты тұрақты тіркесте деесімше тұлғасында анықтауыш болады. Етістікті, есімшелі, тұрақты тіркесті анықтауыштар. Біріншіден, есім сөздерге (атау тұлғалы да, септік тұлғалы да) негізгі етістіктің есімше түрінің тіркесуі арқылы жасалса, екіншіден, есім сөз + көсемшелі негізгі + есімшелі көмекші етістік құрамда өзі анықтайтын сөзбен қабыса байланысады. Мысалы:

Жегетіндері *маңдайларына басқан* жалғыз аттары [2, 11].

Жоғарыда келтірілген мысалдарда тұрақты сөз тіркесті анықтауыштар көркем әдебиет тілінде молынан кездесетіні байқалды.

*Толықтауыштар* мағынасына, синтаксистік қызметіне қарай және тұлғасына қарай екі топқа бөлінеді: тура толықтауыш, жанама толықтауыш. Табысептігінде жұмсалатын сөйлем мүшесі тура толықтауыш болады. Ол заттың қимыл процесін білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланыста болады. Тура толықтауыштың грамматикалық көрсеткіші болып саналатын табыс жалғауы арқылы тұрақты тіркесті толықтауыш көбінесе жалғаулы күйде жұмсалады.

*Жалғаулы тұрақты тіркесті тура толықтауыш:*

1. *Зат есім мен зат есімнің қабыса байланысуы:* Осы ойдың тұғырына талпынған көңілдің құсын байлай қондырып, іштен сабырсызданған Ғалия “келе жатыр ма” деп, үйінен әлсін-әлсін шығып қарай беретін болды [6, 165]. Сонда да күдер үзбей, жалынды сөздермен *тас жүрегін* ерітем бе деп ойлап, тағы бірдемелерді айтуға ыңғайлана беріп еді, қарағай арасынан әлдекім қараң ете түсті [6, 195].

Оның *шет жағасын* өзім де көрдім [5, 121].

2. *Зат есім мен есімшенің тіркесі арқылы:* Сол қалпына бүгін де бағып, сырласқан қызының *қақпанына* қалай түскенін аңғарған да жоқ [6, 143].

3. *Зат есім мен қимыл есімді тұрақты тіркестер арқылы:* Бұрын Итбайдың да, Асқардың да бір-біріне бұлай қырғи-қабақ қарасқанын Байсақалдың *көзі шалған жоқ еді* [2, 44].

*Тұрақты тіркесті жанама толықтауыш көбінесе барыс жалғаулы болып келеді. Зат есім мен зат есімнің қабыса байланысуы:* Тағдырдың *ноқтасына* басын ұсынған Балуан Шолақ аз жасында көрген өзге зорлық-зомбылығын ұмытуға тырысты және ұмытты да, бірақ өзгені ұмытқанымен, оның жүрегінен жабысып айырылмайтын бір ғана дерт бар [6, 218].

Менің есімде бұл кісі соншама айқын сақталмас па еді, қайтер еді, - егер со қыста біздің үйдің *күн көруіне* оның көп жәрдемі тимесе. [5, 16].

Сол жылы Асқардың стипендиядан басқа қаражаты болмай, стипендия *күн көрісіне* жетпей, оқуды тастағысы келмеген ол, басқа қызмет табылмаған соң, бір мезгіл пристаньға барып, қара жұмыс істейтін еді [2, 25].

*Көмектес жалғаулық тұрақты тіркесті жанама толықтауыш келесі қалыпта кездеседі: зат есім мен етістіктің тіркесі арқылы:* Ұзақ сырдың аяғы *серт байлаумен* тынды [6, 143].

Тұрақты тіркесті *пысықтауыштар* сөйлем аясын кеңейтуде ерекше қызмет атқаратыны көрінеді. Тұрақты тіркестердің пысықтауыш қызметінде жұмсалуда өзіндік ерекшеліктері бар. Тұрақты тіркестерді пысықтауышты тұлғасына қарай қабыса және меңгеріле байланысқан пысықтауыштар деп екі үлкен топқа бөліп қарастырамыз.

Пысықтауыштың мағыналық топтары бар екендігі белгілі жайт. С.Мұқанов шығармаларында кездесетін пысықтауыштарды мағыналық бөліктерге бөліп қарастырдық.

*Іс-әрекеттің мезгілін білдіретін мезгіл пысықтауыштар зат есім мен етістіктің тіркесуі арқылы жасалған:* Есін білгелі қыс бүркіт салудан, жаз қаршыға мен тұйғын салудан қол үзбеген [5, 18]

С.Мұқанов шығармаларында мезгіл пысықтауыш «мәдени кодтар» арқылы берілген. Көбінесе *ымырт жабыла тіркесі* молынан қолданылған: Шолақ күтіп алмақ болған сайға ертеңіне *ымырт жабыла* келді де, қаңтарған атын тізгінінен ұстап жамбастай жатты [6, 143].

Бұл сұраудың жауабын таптым деп ойлаған Балуан Шолақ бір күні кешке Ақбозды баптап ерттеді де, *ымырт жабыла* қаланың батыс жағынан кеп, үлкен көшеден тауғаасатын даңғыл жолды торыды [6, 193]. Андрейдің өз үйінің іші кешкі тамағын *ымырт жабылмай* ішті [2, 58].

Келесі тұрақты сөз тіркесінің пысықтауыш қызметінде жұмсалуды да *зат есім мен етістіктің тіркесі арқылы жасалған*: Басында: «Ғалия бұлай келе қоймас, қорғалар, мұқатып, жуасытып алайын» деп ойлаған Біржан Ғалия айырылуға *бел байлағаннан* кейін, «араздықты тастайық, мен кештім, сен де кеш» деп жалынды [6, 220]. «Әтке!..» деп айғайлаған ол *өкпесін қолына ала*, Баймырзаның соңынан ұшты [6, 185].

Тұрақты тіркестер септік жалғаулары арқылы пысықтауыштың сұрақтарына жауап береді; ол септіктерге барыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары жатады. Көмектес септікте тұрақты тіркесті пысықтауыш: Ол *қолының қысқалығымен* ғана қотанға сыйып жүрген қатын [6, 182].

Тұрақты тіркестердің қабыса байланысқан пысықтауыш қызметінде жұмсалудың өзіндік ерекшелігі бар дедік, біріншіден, негізгі етістікті тұрақты тіркестер көсемше тұлғасында пысықтауыш болса, екіншіден, тұрақты тіркесті көмекші *деп* етістігінің көсемше тұлғасында, үшіншіден, әртүрлі жұрнақты есімді, не үстеулі тұрақты тіркестердің пысықтауыш қызметінде жұмсалса, сонымен бірге тұрақты тіркестермен сөйлемдегі сөздер арасындағы дәнекерлік сипаттағы модаль, шылау сөздердің де тұрақты тіркестері пысықтауыш қызметінде жұмсалып, баяндауыш мүшемен қабыса байланысу қызметі бар. Тілдің даму барысы пысықтауыштың аясын кеңейтті. Тұрақты тіркестер септік жалғауларында келіп, сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалып, баяндауышпен меңгеріле байланысатынын көреміз.

Сонымен, тұрақты сөз тіркесінің пысықтауыш қызметінде жұмсалуды, оның тұлғалық жағынан баяндауышпен қабыса, меңгеріле байланысуынан көрінсе, мағыналық жағынан да әдеттегі пысықтауыштай тұрақты тіркесті пысықтауыш та мағынасына қарай сараланады.

Жоғарыда талданған мысалдар шығарма тіліндегі тұрақты сөз тіркестері сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері қызметін атқара алатынын көрсетеді. Тұрақты тіркесті толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыштың жасалу жолдары әртүрлі болып келеді. Олар есім және етістікті сөз таптарынан жасалып, дара және күрделі формаларында қолданылып, сөйлем құрамында өзіндік ерекшеліктерін сақтайды. Әсіресе, фразеологизмдерді толықтауыш және пысықтауыш қызметінде көбірек кездестіреміз, ал анықтауыш қызметіндегі тұрақты сөз тіркестері азырақ жұмсалады.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Мұқанов С. Адамдар. – Алматы, 2009. – 312 б.
2. Мұқанов С. «Ботагөз», – Алматы, 1967. – 516 б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1994. – 320 б.
4. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, «Санат», 1997. – 240 б.
5. Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы, 2002. – 464 б.
6. Мұқанов С. Сұлушаш. Алматы, 2002. – 288 б.

*В статье рассмотрены синтаксические особенности фразеологизмов в произведениях С. Муканова. Дан анализ точек зрения ученых, теоретические труды которых посвящены творчеству писателя.*

*Ключевые слова:* фразеологизмы, синтаксис, произведения, глагольные фразеологизмы, главные и второстепенные члены предложения.

*The article deals with the syntactic features of phraseological units in Mukanov's works. An analysis of the points of view of scientists whose theoretical works are devoted to the work of the writer is given.*

*Key words:* phraseological units, syntax, works, verb phraseological units, principal and secondary sentence parts.

\*\*\*\*\*

УДК 355.51608

**Д.Ш. АЛТЫНБЕКОВ**, заместитель начальника кафедры технического и тылового обеспечения Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, доктор философии (PhD), полковник.

### **ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ТЕХНИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

*В статье автором проведён анализ проблемы обеспечения специализированной техникой и эвакуационными средствами подразделений и частей Национальной гвардии. Раскрыты противоречия в оснащении ремонтных подразделений мастерскими технического обслуживания и ремонта.*

Басында орындау жаттығулар икемділік қажет жақсы денені дұрыстап қыздырып алу – пайда болғанға дейін тер. Қол жеткізген есебінен осы жаттығуларды ұлғайту буындардың қимылын (деп аталатын гимнастикалық әсері) сақталатын қатысты уақыт: бөлме температурасында шамамен 10 мин. дейін ұлғайтуға уақытта болады азайтып, қайтарымдылығын жылу (жаттығу костюм).

Әр-бір сабақтарда тартылу жаттығуларын шамалы ауру байқалғанға дейін жасаған жөн, ол жұмыстың тоқтатылуы керек туралы белгі болып саналады. Егер оларды күніге немесе күніне екі рет орындағаннан кейін неғұрлым әсерлі болады. Икемділікке жаттығуды бастар алдын – тері пайда болғанға дейін қыздырылу қажет. Бұл жаттығуларды орындау арқылы қол жеткізілген буындардың қозғалтқыштығы (қыздырылу әсері деп аталатын) ұзақ мерзімге әсер етеді: бөлме температурасы кезінде – 10 минутқа дейін. Бұл уақытты ұзартуға, денеге берілістің азайтылуы арқылы созуға болады (жаттығу киімін киу арқылы). Белсенді жаттығулар, тұтастай алғанда, пассивті жаттығулардан қарағанда неғұрлым тиімді.

Икемділікті қажетті іс-әрекеттерді кедергісіз орындауды қамтамасыз ететіндей деңгейге дейін жетілдірген дұрыс болады. Бұл ретте икемділіктің диапазоны орындалып жатқан қозғалыстың амплитудасының максималды шектерінен асыра орындалуы қажет (иілудің запасын жасай отыра). Әскери қызметшілердің икемділігінің гипертрофиялы дамытылуы айқындалмаған, немесе ол әскери-кәсіби тапсырмалы әрекеттердің орындалуына кері әсерін тигізілуіне байланысты дене гармонян бұзады.

### **Қорытынды**

Сонымен, әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығы үдерісінің түрлі дамыту әдістерін қолдану кешені, дамытуды арнайысапалы және дене дамуының, олардың ағзаларының қасиеттің жай-күйін антропометриялық өзгерістері мен жаңартылуы көрсеткіштерін қамтамасыз етеді.

### **Әдебиеттер:**

1 Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының дене шынықтыру және спорт бойынша Нұсқаулары (НФПиС – 2016 ж.), 71-72 б.

2 Дударев И.А., Пахтиенко В.А. // Қалай күшті, батыл. епті болуға болады. М., Воениздат, 1975.

3 Добровольская М.А. Әскерлерді (күштерді) моральді-психологиялық қамтамасыз ету // Әскери ой. – 1995 ж., №2, 60-63 б.

4 Фаденко Н.К., Железняк Л.Г. Заманауи жағдайлардағы әскерлер жауынгерлік әрекеттерін моральді-психологиялық қамтамасыз ету. - М.: ВПА, 1996.

5 Попков В.В., Копылов А.А. Ақпарат – қызметтік-жауынгерлік қолданудың психологиялық қамтамасыз етудің негізгі факторы // Военный вестник, 1995 ж., № 5.

\*\*\*\*\*

### **Б.С. ТЮЛЕЕВ<sup>1</sup>, Н.Н. ТҰРЫСМАНОВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Академиясы қару-жарақ және атыс кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, полковник.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Академиясы қару-жарақ және атыс кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, подполковник.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КУРСАНТТАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мемлекет Басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауында "Сапалы білім беру" мәселесінде "Бейінді министрліктің міндеті – жоғары білім беру сапасын арттыруды

қамтамасыз ету. Жоғары оқу орындары кадрларды тиісті даярлау үшін жауап беруге міндетті" [1].

Қазақстандық қоғамды, оның ішінде мемлекеттің әскери ұйымын жаңғыртудың барлық салалары білім беру жүйесін жетілдірумен байланысты. Бұл заңды, өйткені елдің қорғаныс әлеуетін қамтамасыз етуде жетекші рөл кәсіби әскери кадрларға тиесілі, оларды даярлау негізінен қазақстандық әскери оқу орындарында, сондай-ақ шетелдерде жүзеге асырылады.

Әскери білім беру жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы әскери Доктринасымен мемлекеттің әскери ұйымын дамытудың негізгі бағыттарының қатарына жатқызылған [2]. Осыған сүйене отырып, бұл жүйені модернизациялау Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрылымдардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды шаралардың бірі болып табылады.

Әскери білім беру жүйесін жаңғыртудың басты мақсаты әскери оқу орындарының курсанттарын даярлаудың мазмұны мен сапасын уақыт талаптарына сәйкес келтіру, Ұлттық ұлан мен Қарулы Күштерді тұтастай алғанда жоғары білікті әскери кадрлармен кепілді және орнықты жасақтауды қамтамасыз ету болып табылады. Әскери білім беру жүйесі жеткілікті икемді және тиімді болуға, қазіргі заманғы әскери ұйымның қажеттіліктері мен міндеттеріне ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің нақты экономикалық мүмкіндіктеріне де жауап беруге тиіс. Бәсекеге қабілетті Әскери білім беру жүйесін құру біздің армиямыздың кадрлық әлеуетін нығайтудың аса маңызды факторы болып табылады.

Кадрлық әлеует – бұл табысты әскери құрылысты қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі. Әскери кадрларды даярлаудың тиімді жүйесінің болуы мемлекеттің әскери ұйымын жетілдірудің, оның қорғаныс қабілетін нығайтудың қажетті шарты болып табылады.

Кез келген армияның жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті тікелей түрде барлық санаттағы әскери қызметшілердің кәсіби даярлығы мен уәждемесі деңгейіне байланысты екені белгілі. Қазіргі жағдайда офицерлік кадрларды даярлау жөніндегі тиімді қызмет ерекше маңызға ие болуда, өйткені әскерлерді тиімді басқару күнделікті қызмет барысында және қызметтік – жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде дәл офицерлерге – сауатты, білікті, әскери істі жақсы білетін мамандарға байланысты.

Соңғы жылдары Ұлттық ұлан, тұтастай алғанда, әскерлерді дамыту перспективаларына барабар құрылған әскери кадрларды даярлау жүйесін құруға қол жеткізді. Соңғы жылдары құрылған нормативтік-құқықтық, әдістемелік және оқу-материалдық база, жалпы алғанда, Ұлттық ұлан үшін әскери кадрларды сапалы даярлауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әскери іс-қимылдарды жүргізу нысандары мен тәсілдерінің өзгеруі жағдайында Ұлттық ұланның бейнесі, олардың кадрлық әлеуеті де сөзсіз өзгеруге тиіс. Демек, әскери кадрларды даярлау жүйесі өзгеруі керек, оның негізін әскери білім беру жүйесі құрайды. Оны жаңғырту барысында басқару құрылымдарынан бастап, түрлі мамандықтар бойынша офицерлік құрамды даярлаудың мазмұндық аспектілеріне дейінгі барлық құрауыштар жетілдірілуге тиіс.

Қазіргі уақытта қазақстандық әскери білім беру жүйесін жаңғырту процесіне тікелей әсер ететін бірқатар проблемалар бар.

Бірінші. Түлектердің әскери-кәсіптік даярлық деңгейі оларға жүктелген міндеттерге толық көлемде сәйкес келмейді.

Әскерлердің күнделікті іс-әрекетінің тәжірибесі әскери оқу орындарының көптеген түлектерінің қажетті білімі мен практикалық дағдылары жоқ екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл олардың кәсіби дайындық деңгейіне де, командалық-әдістемелік дағдылар деңгейіне, бағыныштыларды оқыту және тәрбиелеу қабілетіне де қатысты.

Жоғары оқу орындарында курсанттардың әдістемелік даярлығына, олардың көшбасшылық және педагогикалық қасиеттерін қалыптастыруға, әскери ұжымдардың психологиясын зерделеуге, бағыныстылармен, ең алдымен келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жеке-тәрбие жұмысын жүргізе білуге жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Офицерді даярлау курсанттардың әскери ұжымдарды басқаруға дайындығын қамтамасыз ететін және күнделікті қызмет жағдайында ғана емес, жауынгерлік жағдайда да негізделген шешімдер қабылдауға, әскери қызметтің қиындықтарын жеңуге, қойылған жауынгерлік міндетті орындау үшін өз өмірін қатерге тігуге дайындығын қамтамасыз ететін белгілі бір кәсіби және моральдық-ерік қасиеттерін тәрбиелеу қажеттілігі мен ұштасады. Мұндай қасиеттер әскери оқу орындарында қалыптасқан әскери дәстүрлер мен әскери қызметті нақты ұйымдастыру негізінде күнделікті қызметтің барлық түрімен тәрбиеленеді.

Екінші. Әскери білім беру жүйесіндегі кадр саясатының жетілмегендігі.

Бұл салада кездейсоқ адамдар болмауы керек. Талдау көрсеткендей, курсанттарды даярлау сапасы, олардың әскери тәрбиесінің тиімділігі әскери оқу орындарының командалық және профессорлық-оқытушылық құрамының тәжірибесі мен кәсібилігіне тікелей байланысты.

Қазіргі таңда әскери жоғары оқу орындарының әлсіз буыны қарамағындағылардың әскери тәрбиесі, оларды әскери ұжымдарды басқаруға даярлау бойынша негізгі жүктеме жататын курсанттық бөліністер – роталар мен взводтар командирлерінің дайындық деңгейі болып табылады.

Әдетте, өңірлік қолбасшылықтардың қолбасшылары мен әскери бөлімдердің командирлері жоғары оқу орындағы бос лауазымдарға іріктелетін перспективалы офицерлер мен қоштасқысы келмейді және көбінесе бұл лауазымдарға тағайындау үшін курсанттармен жұмыс істеуде қиындық көретіндерді білдіреді. Бұл жоғары оқу орындарының кейбір бөліністерінде әскери тәртіп деңгейінің төмендеуінің, сондай-ақ олардың түлектерінің кәсіби даярлығының жеткіліксіз деңгейінің себептерінің бірі.

Оқытушылар лауазымына офицерлерді таңдауда да проблемалар бар. Офицердің үлкен әскери тәжірибесі оның жақсы оқытушы бола алатындығына кепілдік бералмайды. Мұндай маманды дайындауға жылдар қажет. Бұл жоғары оқу орындарына офицерлерді Мұқият іріктеуді, оларды оқытуды және оларға тәжірибелі әріптестерді тәлімгерлікті көздейді.

Осыған байланысты моральдық-іскерлік қасиеттерді, қызметтік жұмысты және олардың кәсіби даярлығын жан-жақты талдау негізінде жоғары оқу орындарының командалық-оқытушылар құрамы лауазымына офицерлерді зерделеу, іріктеу және тағайындау жүйесін жетілдіру қажет.

Үшінші. Әскери оқу орындарының оқу-материалдық базасы жеткілікті түрде тиімді пайдаланылмайды және баяу жетілдірілуде.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қазіргі заманғы жаттығу кешендері мен ақпараттық-техникалық құралдарды оқытудың дәстүрлі нысандары мен әдістерімен ұштастыра қолдану әскери мамандарды даярлау сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарын қазіргі заманғы жабдықтармен, қару – жарақ пен әскери техника үлгілерімен қамтамасыз ету-процесс қымбат және ол ұзақ уақыт бойы шешіледі. Бұған дейін әскери оқу орындарында оқу-материалдық базаны жетілдіру, озық бағдарламалық-аппараттық шешімдерге негізделген қазіргі заманғы білім беру кешендерін құру жөнінде елеулі шаралар қабылданған болатын.

Талдау көрсеткендей, көптеген университеттерде оқу бағдарламаларын құруға жұмсалған қомақты қаражатқа қарамастан, қымбат жабдықтар тиімсіз пайдаланылады. Біріншіден, барлық әскери оқу орындарын біріктіретін жабық желі құрылған жоқ. Жоғары оқу орындарының ішінде білім беру процесінде ақпараттық желілер Мемлекеттік құпияларды қорғау сылтауымен аз пайдаланылады, дегенмен жабық сипаттағы оқу материалдары, әсіресе Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясында елеусіз бөлігін құрайды. Осы себептерге байланысты курсанттарға интернетке қол жетімділік айтарлықтай шектеулі.

Офицерлік кадрларды даярлауды ұйымдастырудағы, жоғары оқу орындарының қолданыстағы оқу-материалдық базасын пайдаланудағы және оны жетілдірудегі жоғарыда аталған проблемалар әскери білім беру жүйесін жаңғыртуды тежейді. Нәтижесінде, бұл

әскери оқу орындары түлектерінің дайындық деңгейінде, ал кейіннен олар әскерлерде басқаратын бөліністердің дайындық деңгейінде көрінеді.

Сондықтан жоғары оқу орындарының командалық және профессорлық-оқытушылық құрамының күш-жігері орын алған проблемаларды шешуге бағытталуы тиіс. Әскер түлектерінің пікірлерін талдауға және оқу процесінің ұйымдастырылуы мен мазмұнын уақтылы түзетуге, оның практикалық бағытын нығайтуға, командалық және профессорлық-оқытушылық құрамның бос лауазымдарына үміткерлерді Мұқият іріктеуге көп көңіл бөлу қажет.

Ұлттық ұланға қару-жарақ пен әскери техниканы сауатты пайдалануды, бағыныстыларды оқытуды және әскери тәрбиелеуді ұйымдастыра алатын, өздері таңдаған әскери мамандыққа терең уәжделген жақсы даярланған мамандар қажет. Осыған байланысты әскери білім беру жүйесін жаңғырту, ең алдымен, оның материалдық базасын дамыту, әскери оқу орындары басшылығының, сондай-ақ командалық және профессорлық-оқытушылық құрамының құзыреттілігін арттыру қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2021 жылғы 1 қыркүйек //Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы №161 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы.

\*\*\*\*\*

#### **Н.С. ХОДЖОЯН<sup>1</sup>, Ш.Б. ХОЛМАТОВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> адъютант Военной академии связи Министерства обороны Российской Федерации, подполковник, г. Санкт-Петербург;

<sup>2</sup> адъютант Военной академии связи Министерства обороны Российской Федерации, полковник, г. Санкт-Петербург.

### **МОДЕЛЬ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ВОЙСК СВЯЗИ И ИХ МЕСТО В СИСТЕМЕ**

*В статье представлены краткий анализ существующей системы подготовки младших специалистов для войск связи в сфере высоких технологий. Определены основные недостатки и выработаны предложения. Предложен перечень специальностей, которые необходимо внедрить в систему подготовки учебных частей. Проведен анализ аналогичных проблем в странах Организации Договора Коллективной Безопасности (ОДКБ). Приведена модель взаимосвязи предлагаемых специальностей.*

*Ключевые слова:* IT, кибербезопасность, распределенные вычисления, облачные вычисления.

Развитие информационных технологий неразрывно связано подготовкой и образованием специалистов. Как указано в [1] «Образование – это общественная практика, предназначенная для сохранения и передачи социокультурного опыта от поколения к поколению, осуществляющая «связь времен и преемственность поколений на острие общественных проблем» вместе с тем – это и наиболее эффективный инструмент социальных перемен.

Прогресс в области средств вооружения и военной техники (ВВТ) особенно в сфере новых технологий делает все более острой проблему подготовки квалифицированных младших специалистов.

Конвергенция (возникновение сходства в структуре сетей связи, в используемых ими

аппаратно-программных средствах, также в совокупности услуг, предоставляемых абонентам. [2]) Средства вооружения и военной техники (ВВТ) приводит к ее номенклатурному уменьшению, но параллельно идет рост гранулированных специальностей и специализаций. На сегодняшний день принципы, формы и методы подготовки военных специалистов требуют переоценки [3].

Большинство программ боевой подготовки для специалистов Войск связи стран ОДКБ основаны на «Программе боевой подготовки подразделений Сухопутных войск Книга 7, для подразделений связи 2010 г.» [4]

Но в данной программе не есть ряд, проблем, которые требуют решения. В частности, перечень специальностей и их подготовки в сфере высоких технологий.

Определению перечня данных специальностей и посвящено данное исследование.

Отметим несколько проблем в данной области:

- в аспекте роста сетевых конфликтов и атак на основе М2М (Machine-to-Machine, М2М[5]) растет и количество атак на саму сетевую инфраструктуру с применением всего арсенала средств электронного нападения,

- в условиях ограниченного времени одним из ключевых элементов является система АСУ;

- в отсутствие подготовленных кадров на всех уровнях Системы, приведет к ее отказу и дестабилизации.

Актуальность исследования определяется все возрастающей конвергенцией средств автоматизации и связи и как следствие дефицита таких специалистов.

При эксплуатации средств связи и автоматизации одним из важных вопросов является уровень подготовки специалистов базового и уровней распределения [6] уровня. Также существующие организационно-штатные структуры учебных частей не обеспечивают подготовку специалистов современных ни по технической оснащенности, ни по заявленным требованиям, а также не в состоянии подготовить узконаправленных специалистов в виду отсутствия соответствующих должностей в штате.

В предлагаемом перечне специальностей группы разбиваются на узконаправленные специализации в среднем 3-7 специализаций, представлены ниже:

Группа «А» - кибербезопасность, специалисты безопасности в рамках существующей модели угроз,

Пентестеры

специалисты служб управлением доступом

специалисты Инфраструктурной безопасности

специалисты служб виртуализации

специалисты систем распределенного реестра (распределенная база данных).

Группа «В» - специалисты сетей коммутации,

специалисты в области маршрутизации,

специалисты построения безопасных ЛВС.

Данные призывники ввиду высокого порога вхождения набираются из числа студентов(выпускников) соответствующих специальностей специализированных ВУЗов (например, [7], [8]). Обучение по специализированным специальностям предлагается организовать на контрактно-договорной основе с преподавателями ВУЗов и авторизованных центров.

На рисунке 1 представлена модель взаимосвязи специальностей в Вооруженных Силах по окончании курса обучения. В качестве математического аппарата применена теория графов. Алгоритм установления критериев и отбора младших специалистов для Вооруженных Сил, представлен на рисунке 2.




Рис. 1. Взаимосвязь специальностей в ВС по окончании курса обучения.

Внедрение данных специальностей в звене младших специалистов войск связи позволит разгрузить от рутинных операций офицерский состав, повысить как таковую устойчивость сетевой инфраструктуры и в конечном итоге повысить боевую готовность ВС. Также необходимо отметить что по окончании службы в рядах ВС государство будет обладать соответствующим мобилизационным ресурсом с сфере высоких технологий.




Рис. 2. Алгоритм установления критериев и отбора младших специалистов.

### Заключение:

В статье рассмотрены недостатки существующей системы боевой подготовки войск связи в области высоких технологий. Предложена модель и перечень специальностей для данной сферы. Представлен граф взаимосвязей для данных специальностей в Системе связи.

### Литература:

1. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. М.: Педагогическое общество России, 2002. 512 с.

2. Интернет ресурс (дата обращения 15.02.2022). режим доступа URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1382342>
3. Жаксылыков Р.Ф. «Военное образование в обеспечении подготовки офицера – профессионала».
4. Программа боевой подготовки подразделений Сухопутных войск Книга 7, для подразделений связи. 2010, г. Москва, ГУС.
5. Security Challenges and Attacks in M2M communication. 2018 9th International Symposium on Telecommunications (IST), A.Imahi, A.Keshavarz-Haddad, M.Eslami URL:<https://ieeexplore.ieee.org/document/8661044/authors#authors>
6. Интернет ресурс. (16.02.2022), режим доступа URL: [http://network.xsp.ru/5\\_7.php](http://network.xsp.ru/5_7.php)
7. Официальный сайт Казахстанского политехнического института URL: <https://satbayev.university.ru/history>
8. Официальный сайт Армянского Национального политехнического университета URL:<https://polytech.am/>

*The article presents a brief analysis of the existing system of training junior specialists for the signal troops in the field of high technologies. The main shortcomings are identified and proposals are developed. A list of specialties that need to be introduced into the system of training units is proposed. An analysis of similar problems in the countries of the Collective Security Treaty Organization (CSTO) was carried out. A model of the relationship of the proposed specialties is given.*

*Keywords:* IT, cybersecurity, distributed computing, cloud computing.

\*\*\*\*\*

**В.В. ЦЫБУЛЬКО**, Военная академия Республики Беларусь, г. Минск.

## **Тьюторское сопровождение в военном образовании**

*В статье обозначены возможности использования технологии тьюторского сопровождения в системе военного образования.*

*Ключевые слова:* тьютор, тьюторское сопровождение, военное образование, образовательные технологии.

Значительно возросшая степень сложности вооружения и военной техники, развитие и изменение способов ведения вооруженной борьбы предъявляют повышенные требования к подготовке офицеров-выпускников, готовых к принятию самостоятельных, ответственных решений и способных быстро адаптироваться к постоянно меняющимся сложным условиям обстановки. В связи с этим возникает необходимость применения современных инновационных образовательных технологий, таких как интерактивные, проектные, тьюторские, коучинг, тренинг, квест-технологии, фасилитация, кейс-метод, контекстное обучение, метод группового решения творческих задач, метод Дельфи, с использованием систем управления обучением Moodle, Edmodo, Schoology, которые позволили бы сместить акцент с принуждения курсантов к обучению на сознательное стремление к образованию.

Одной из такой образовательной технологией, в военном учебном заведении может стать тьюторское сопровождение как особый тип педагогической деятельности, которая обеспечивает разработку индивидуальных образовательных подходов к обучающимся.

Тьютор (в переводе с английского tutor) означает «домашний учитель, наставник, опекун, репетитор». Тьюторскому сопровождению не менее 900 лет. В Англии к концу XVI в. тьютор становится центральной фигурой в университетском образовании, отвечая, в первую очередь, за воспитание подопечных.

С течением времени сфера деятельности тьютора значительно расширилась: большое

значение начали приобретать его образовательные функции; тьюторская система в Великобритании официально признаётся частью университетской системы, постепенно вытесняя дорогую профессорскую [1].

Тьюторство в современном образовании – это педагогическая позиция, которая опирается на познавательный интерес, склонности обучающихся. Участвуя в образовательном процессе в новых современных условиях, тьютор одновременно является преподавателем, консультантом, организатором процесса обучения, вдохновителем и проектировщиком.

Правильнее всего, тьюторскую деятельность можно определить, как совместную деятельность тьютора и тьюторируемого, направленную на понимание обучающимся возможностей использования ресурсов образовательного пространства учебного заведения для построения и реализации программ личностного и профессионального роста.

Тьютор в учебном заведении – это координатор динамики служебно-делового и научно-образовательного общения и сотрудничества между обучающимися и педагогами, он – модератор острых образовательных ситуаций (передач, консультаций, дополнительных занятий).

В системе военного образование идея тьюторства как инновацию, достаточно несложно реализовать. В военном образовании уже созданы соответствующие специфические педагогические условия, в военных учебных заведениях существует должность – курсовой офицер. Функция курсового офицера, заключается, в том числе и в изучении психологических и поведенческих особенностей курсантов и в помощи им в освоении военной науки. Именно эти функции сегодня и призван осуществлять тьютор. На роль тьютора следует так же рассматривать и курсантов старших курсов, которые так же способны выполнить функции, возлагаемые на тьютера. Конечно же функции тьютора шире, чем функции, обозначенные в обязанностях курсового офицера или курсанта-стажера старшего курса и, следовательно, должностное лицо, выполняющее задачи тьютора должно обладать и более широкими знаниями [2].

Основным механизмом тьюторской деятельности является тьюторское сопровождение. Тьюторское сопровождение – это вид педагогического сопровождения процесса индивидуализации в системе получения образования.

Выделяют три направления тьюторского сопровождения:

первый, социальный – тьютор раскрывает образовательный потенциал окружающего социума, образовательного учреждения, событий;

второй, антропологический – тьютор помогает овладеть технологиями развития личностных качеств, необходимых в ходе получения образования, создает условия для саморазвития и самовоспитания;

третий, культурно-предметный – тьютор раскрывает образовательный потенциал учебных дисциплин, помогает осуществить выбор решений заданий [3].

Тьюторское сопровождение заключается в стимулировании и создании условий для самоопределения обучающихся по отношению к учебному материалу курса учебных дисциплин, во включении курсантов в процесс определения целей обучения.

На собственном примере курсовые офицеры, курсанты-тьюторы, исходя из личного опыта, приобретённого как на занятиях, так и самостоятельно, должны заинтересовать курсантов, пробудить в них интерес к самостоятельному углубленному изучению дисциплины.

Деятельность тьютора должна быть направлена на мобилизацию и активизацию внутренних резервов курсантов, на максимальное погружение их в работу с информацией, сознательное и целенаправленное извлечение и генерирование на ее основе субъективно новых знаний.

Еще одно направление деятельности тьютора – совершенствование умений, обучающихся за счет овладения творческой рефлексивной деятельностью. Систематический «выход» курсантов в рефлексивную позицию позволяет выявить личностные изменения,

проследить динамику личностного развития, существенно влияющего на развитие самообразовательной деятельности.

Кроме того, рефлексия позволяет курсанту осознать свою индивидуальность и предназначение, которое выявляется из анализа его предметной деятельности, поскольку курсант проявляет себя в тех приоритетных для него направлениях самостоятельной подготовки, которые присущи его личной уникальности.

Следует отметить, что в системе военного образования существует определённая необходимость тьюторского сопровождения курсантов в военных учебных заведениях. При этом в военных учебных заведениях и это важно, исторически подготовлена почва для осуществления тьюторского сопровождения курсантов силами курсовых офицеров или курсантов-стажеров.

Но при этом необходимо понимать, что осуществления тьюторского сопровождения курсантов силами курсовых офицеров и курсантов старших курсов правильнее организовать после их дополнительной подготовки по специальности «военный тьютор».

Выводы насколько тьюторство повысит качество подготовки в высших военных учебных заведениях делать, конечно рано. Но опыт отдельных высших военных учебных заведений Российской Федерации, в которых использовались в частности старшекурсники в качестве тьюторов, обозначил ряд положительных моментов, таких как, повышение интереса к изучению учебных дисциплин у тьюторизируемых, в какой-то степени снижение нагрузки на педагогов по проведению дополнительных консультаций по учебным дисциплинам, сами курсанты-тьюторы приобретая дополнительный опыт и знания начали активнее принимать участие в научных конференциях по проблемным вопросам в рамках изучаемых учебных дисциплин, улучшается внутренняя коммуникация в учебных группах.

#### **Список используемых источников:**

1. Андреева, Е.А. Суть и содержание традиционной модели тьюторства / Е.А. Андреева // Образовательные технологии. – 2011. – № 1. – С. 81-87.

2. Ефимов, П.П. Тьюторство – системообразующая технология в формировании субъект-субъектных отношений в военном образовании / П.П. Ефимов // Вестник высшей школы. – 2015. – № 11 – С. 87-70.

3. Bstudy.net. [Электронный ресурс]: Соколова О.В. Педагогика. Инновационные подходы в организации самостоятельной подготовки курсантов. 06.04.2020. Режим доступа: [https://bstudy.net/634421/pedagogika/innovatsionnye\\_podhody\\_organizatsii\\_samostoyatelnoy\\_podgotovki\\_kursantov](https://bstudy.net/634421/pedagogika/innovatsionnye_podhody_organizatsii_samostoyatelnoy_podgotovki_kursantov). – Дата доступа: 01.10.2021.

*The article outlines the possibilities of using tutor support technology in the military education system.*

*Keywords:* tutor, tutor support, military education, educational technologies.

\*\*\*\*\*

**Д.В. ШАБРОВ**, начальник кафедры оперативно-тактической подготовки внутренних войск Факультета внутренних войск Военной академии Республики Беларусь, полковник, г. Минск.

#### **СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОБУЧЕНИЯ КУРСАНТОВ ВОЕННО-УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Динамично изменяющиеся требования к современным специалистам заставляют переосмысливать теоретические подходы и искать новые практические решения в профессиональной подготовке высококвалифицированных кадров государственных органов системы обеспечения национальной безопасности. В этой связи большое значение

приобретает расширение и углубление инновационной деятельности в учреждениях высшего образования, разработке механизмов внедрения новшеств в педагогическую деятельность.

В современном мире обновление знаний происходит стремительно. К большому сожалению, традиционное, базовое профессиональное обучение курсантов военно-учебных заведений (далее – ВУЗ) не успевает за изменениями, происходящими в обществе, и не может в полном объеме обеспечить курсанта на весь период службы необходимыми ему знаниями, умениями и навыками.

Не секрет, что под воздействием внешних, внутренних условий и факторов наше общество меняется и как неотъемлемая и самая податливая его часть меняются молодежь. Те методы обучения и воспитания, что прекрасно работали в конце 20 века, уже неэффективны или вовсе бесполезны сегодня. Изменилось сознание юношей, окружающая обстановка, моральные ценности, стереотипы воспитания в семье и общественное мнение, в то время как образовательный процесс, либо не замечает произошедших перемен, либо реагирует не достаточно оперативно, пытаясь применять не эффективные либо мало результативные формы и методы.

Все это в совокупности диктует необходимость пересмотра многих теоретических и практических взглядов на качество и характер подготовки курсантов, необходимый уровень которой зависит и от эффективности функционирования всей системы обучения.

На сегодняшний момент обучение превращается в подобие некоего технологического процесса с заранее определенными целями и гарантированным результатом. Естественно, нельзя полностью уподоблять образование производству. Тем не менее, в педагогике появилось понятие педагогических технологий.

Еще А.С. Макаренко называл педагогический процесс особым образом, организованным «педагогическим производством», ставил проблемы разработки «педагогической техники».

Определение основных направлений инновационной деятельности в области образования должно, таким образом, исходить из представления о тех важных функциях, которые реализует образовательная система в жизни общества, и комплексного анализа имеющихся на сегодняшний день проблем в данной сфере. Говоря о функциях военного образования, следует отметить, что эта система является одним из основных институтов, который формирует нравственный и профессиональный облик военнослужащего. В этой связи первостепенное значение имеет способность образовательной системы оперативно и гибко реагировать на запросы общества, учитывая основные тенденции его развития.

Потребность внедрения новых технологий обучения, адекватных сегодняшнему дню, таким образом, стала объективной необходимостью. Нельзя не отметить, что сами курсанты ВУЗ должны быть заинтересованы в получении такого образования, которое поможет им адаптироваться в быстро изменяющихся условиях жизнедеятельности.

Общество в целом и академическое сообщество в частности практически преодолели известное предубеждение против дистанционных и электронных методов обучения. Проблемы развития дистанционного образования (далее – ДО) стали рассматриваться гораздо шире, чем первоначально. Если сначала речь шла о ДО как о возможной форме получения образования, то сейчас те или иные элементы дистанционного образования достаточно широко применяются в большинстве вузов и при традиционных формах получения образования. С учетом интенсивного развития информационных технологий в мире меняется и сам образовательный рынок, и образовательная среда, в рамках которой реализуется процесс обучения. Мировые тенденции все ярче показывают, что будущее - за гибкими моделями образовательного процесса, в котором активно используются различные средства, методы и технологии, в том числе и дистанционные. И в нашем случае, специальное профессиональное образование курсантов ВУЗ не исключение.

Основными целями использования дистанционного образования являются:

соответствие образовательной системы мировым тенденциям и росту спроса на качественные образовательные услуги в системе военного образования;

развитие, участие и использование возможностей единого образовательного пространства мирового сообщества;

обеспечение принципиально нового уровня доступности качественного образования, исключая территориальные барьеры;

создание и использование новых форм обучения курсантов для повышения качества обучения при их интеграции с другими формами обучения.

Использование информационно-коммуникационных технологий позволяет:

создать и развивать полноценную систему ДО;

развивать новые современные методы обучения курсантов ВУЗ;

создавать и адаптировать образовательные материалы в качественно новых формах.

В настоящее время в высших учебных заведениях Республики Беларусь активно применяются средства и методы дистанционного обучения.

Профессиональная подготовка курсантов ВУЗ наряду с традиционной формой обучения позволит совершенствовать методологии и стратегии отбора содержания, методов и организационных форм обучения, соответствующих задачам развития личности каждого обучаемого курсанта в современных условиях информатизации общества; математизировать и информатизировать предметные области, что позволяет перейти к разработке научно обоснованных подходов к принятию оптимального решения в конкретной ситуации; создать методические системы обучения, ориентированные на развитии интеллектуального потенциала каждого обучаемого курсанта выработать желание и сформировать у него умения самостоятельно приобретать знания, осуществлять информационно- учебную, экспериментально-исследовательскую деятельность.

Использование дистанционно образовательных технологий дает нам возможность увеличить заинтересованность курсантов в образовании и получении новых знаний, решать задачи на стыке предметов разных циклов (при условии коллективной заинтересованности), более наглядно осуществлять подачу материала за счет мультимедийных средств. При работе с мультимедийными программами обеспечивается не только более упрощенное восприятие и запоминание получаемой информации, но и обратная связь (появляется возможность оценить умение курсанта анализировать увиденное, а отсюда и развитие у курсанта речевых способностей), осуществляется быстрый поиск нужной информации, экономится время при многократных обращениях к гипертекстовым объяснениям, наряду с кратким текстом, объяснения сопровождаются демонстрацией анимационных эффектов и синхронным озвучиванием.

Нельзя не отметить и главной задачи дистанционно образовательных технологий - это формирование мотивации учения, стимулирование инициативы и творческого мышления, развитие умения совместно действовать, подчинять свои интересы общим целям системы военного образования.

#### **Список использованных источников:**

1. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. М., 1995.
2. Васильева И.А., Осипова Е.М., Петрова Н.Н. Психологические аспекты применения информационных технологий // Вопросы психологии. 2002. № 3.
3. Егорова Ю.Н., Морозов М.Н., Кириллов В.К. Мультимедиа технология как комплексное средство повышения качества обучения в общеобразовательной школе // Материалы региональной науч.-прак. конф. Чебоксары: ЧТУ им. И. Н. Ульянова, 1999. С. 170 -172.

\*\*\*\*\*

## **Қоғамның құқықтық және қоғамдық санасын арттыру негізінде жас ұрпақтың адамгершілік-құнды өлшемшарттары мен моральдік ұстанымдарын қалыптастыру**

### **Формирование нравственно-ценностных критериев и моральных установок молодого поколения как основа повышения уровня правового и общественного сознания общества**

**Ғ.К. АҚПАНОВА<sup>1</sup>, Д.К. КЕНЖЕБАЕВА<sup>2</sup>, Ә.Б. БЕЛГІБЕКОВА<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушысы;

<sup>2</sup> М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы;

<sup>3</sup> М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, Петропавл қ.

#### **ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ**

*Мақалада қазақ тілін орыс тілінде білім алып жатқан білім алушыларға интерактивті оқытудың психологиялық негіздері қарастырылған. Психолог-ғалымдар, әдіскер-педагогтердің ғылыми тұжырымдары сараланған. Ұстаз шеберлігінің ерекшелігі айшықталған.*

*Түйінді сөздер:* психология, оқыту, тәрбиелеу, ғылым, жеке тұлға, әдістеме, педагог-психолог, тіл үйренуші, қабылдау, ойлау, ес.

Дүниедегі ең тамаша туынды – тамаша білім мен тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Мектепке алғаш келген балаға дұрыс тәрбие, терең білім беру, ауытқушылықтан сақтап қалу мұғалімнің міндеті болып табылады. Жақсы тәрбиемен ержеткен баланың болашағы қашанда зор. Психология ғылымы ешнәрсеге бейімі, ынтасы жоқ, қабілеті жоқ адам болмайтынын баяғыда дәлелдеген. Сондықтан да баланың бойындағы қабілетін ашып, оны дамытуға мектеп мақсатты түрде ықпал ете алады.

Қазақ психология ғылымының негізін салушылардың бірі Ж. Аймауытұлының баланы оқытып-тәрбиелеуде, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы мұғалімнің еңбегінің өлшеусіз екенін мына айтылған пікірлерінен байқаймыз: «Мұғалімнің кіндік қазығы – шәкірттің жаратылысына біткен икемдерді танып-біліп, сол арқанның бойымен шәкіртінің білімін шырғаға тартып, молайта беру. Оқытушының сөйлегенінен де істегені баланың ынтасын көбірек аударарды. Жақсы оқытушы болу үшін ілтипатты, тұрақты, кең, мінезі ауыр, сөзі жатық, ойына берік, ұстамды болуы керек. Шәкірттерінің қалт еткен қылығын байқап, сұрағына әзір тұру керек» [1].

Ұлы әдіскер-педагог А.Байтұрсынұлы: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланы туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретіні білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болуы керек», - деген пікірінде де оқытушының білімді, білікті болуымен қатар, баланың психологиясын жақсы білуі керектігін айтқан [2].

Бүгінгі білім жүйесінде аталған мәселені шешуде педагогтар мен әдіскерлер оқыту үдерісіне оқытудың белсенді түрлерін қолдану қажеттігіне назар аударуда. Осы орайда, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда қолданылатын, білім алушылардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістердің бірі – интерактивті әдістер. Ғылыми әдебиеттер мен энциклопедияларда

«интерактивтік» деген сөз – «бірлесіп әрекет ету» деген түсінікті білдіреді. Жалпы тіл үйрету әдістемесінде интерактивті оқытудың психологиялық негізін анықтаудың алатын орны ерекше.

Бүгінгі заман талабы – білімді, парасатты, адамдармен тіл табыса білетін, жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыру. Жеке тұлға дегеніміз – адамның рухани мәдениеті. Мұғалімнің ақыл-ойы, жүріс-тұрысы, іс-қимылы, сөйлеген сөзі, шеберлігі білім алушының психологиясына әсер етпей қоймайды. Мұғалімнің жеке басының қасиеттерінен бөлек, білім алушының білімге ынтасы, қызығушылығы, қабілеті және басқа да психологиялық ерекшеліктері маңызды орын алады. Сондықтан тілді оқыту әдістемесінде де білім алушының психологиялық сипаттары ескерілуі қажет. Білім алушының тілді үйренуге деген ынта-жігері, қызығушылықтары, тілді оқу мақсаттары мен міндеттерін анықтай алуы, оны орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарын белгілеуі, өз жұмысының барысын өзі бақылап отыруы және оның нәтижесін бағалап, тиісті қорытындылар жасай білуі қалыптасуы тиіс. Тек осылай саналы түрде ұйымдасқан іс-әрекет, еңбек негізінде ғана білім алушының тіл үйрену әрекеті мақсатты түрде дамиды. Білім алушының бойындағы осындай ерекшеліктерді дәл көре білу және дамыту оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда қозғаушы күш болып табылады. Интерактивті оқытуды тіл үйренудің психологиялық моделімен салыстыруға болады. Адам басқалармен қарым-қатынас жасай отырып ойлануға үйренеді.

Білім алушы тіл үйрену кезінде үш кезеңнен өтеді.

1. Объектіні басқару. Мұнда білім алушы айтатын сөзін қалай дұрыс құрастыруды ойлайды.

2. Басқаларды басқару. Жұптағы серіктесінің бірінің сөзін екіншісі түзетіп, дұрыс айтылуын қадағалайды.

3. Өзін-өзі басқару. Білім алушы өзінің ойындағы сөзін емін-еркін жеткізуге тырысады. Білім алушының өзін-өзі басқаруының осы үш түрі қатысымдағы негізгі үш элементті біріктіреді. Олар: Мұғалім, білім алушы, оқылатын тіл. Қазіргі әдістеметанудағы педагог-психологтардың қолданып жүрген интерактивті оқыту тәсілдерінің бірі – ынтымақтастықта оқыту әдісі. Бұл туралы психолог ғалымдар еңбегінде: «Сотрудничество – это гуманистическая идея совместной развивающей деятельности детей и взрослых, скрепленной взаимопониманием, проникновением в духовный мир друг друга, коллективным анализом хода и результатов этой деятельности. В основе стратегии сотрудничества лежат идеи стимулирования и направления педагогом познавательных интересов, учащихся», - деп көрсетілген. [3]. Мұндай «мұғалім-білім алушы» арасындағы ынтымақтаса оқу баланың жеке тұлғалық және зияткерлік-танымдық дамуын қамтамасыз етеді.

Топтық жұмыс барысында ынтымақтастыққа тәрбиелеуге бағытталған түрлі психологиялық ойындар мен жаттығулар түрлерін пайдалануға болады.

Бұл ретте психолог ғалым Қ.Жарықбаев: «Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынындада қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Осындай ойындарда баланың қабілеттері жақсы жетіле бастайды. Ұжымдық ойындар баланың моральдық, эстетикалық сезімдерінің қалыптасуына әсер етеді», - дейді. [4].

Демек, тілді оқыту барысында шығармашылықты талап ететін күрделі емес ситуацияларды ойнау, коммуникативтік қабілетін дамытатын ойынға арналған тапсырмаларды орындау баланың бейімімен қабілетін дамытуға көмектеседі. Ойын білім алушының тіл үйренуге деген қызығушылығы ғана арттырып қоймайды, олардың қабілетін, ой-өрісін, танымын, шығармашылық дербестігін, тілін дамытады. «Оқыту барысында дидактикалық ойындар білім алушылардың мақсатқа жету жолындағы мотивтерін қанағаттандырып, оның басқа психикалық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Себебі білім алушылардың мақсатқа жету тілегін ішкі және сыртқа түйсіктер туғызады, ал орындалатын

іс-әрекеттер қимыл түйсіктері арқылы реттеліп отырады. Түйсіктер білім алушылардың көру, қабылдау, есту, эмоциялық жай-күйімен тығыз байланысты» [5].

Сондай-ақ білім алушылар ойын арқылы ұжыммен жұмыс істеуге үйренеді. Сол сияқты ойталқы, ойбөліс, іскерлік ойындар арқылы белгілі бір тақырып аясында мәселеге өз пікірін білдіруге, қарсы жақпен бейбіт түрде пікірталастыра білуге, дұрыс ойлана білуге дағдыланады. Осы тұрғыдан психолог-ғалым Л.С. Выготскийдің: «... это указывает на то, что игра является естественной формой труда ребенка, присущей ему формой деятельности, приготовлением к будущей жизни», - деген пікірімен келісуге болады. [6]. Оқу түрінің осындай мақсатта ұйымдастырылуы белгілі әлеуметтік-психологиялық заңдылықтарға сәйкес әлеуметтік орта арқылы жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді.

Педагог сабақ барысында проблемалық сұрақтар туғыза отырып білім алушының пікірін еркін жеткізуге бағыт береді. Ал ойлаудың алғашқы формасы – ұғым. Сөзді қабылдау және ұғыну бір- бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдаудың өзі оны ұғынуды қажет етеді. Ұғым қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау үшін де мұғалімнің психологиялық білімі қажет. Сонда ғана білім алушының сөздік қорын тақырыптық сөздер арқылы байыта отырып, оларды сөйлем құрауға, ойын жүйелі, бірізділікпен айтуға үйретуге болады. Сондай-ақ жаңа сөздер, деректер, хабарлар арқылы баланың танымы қалыптасады, ұғымы кеңейеді. Сабақта аудиомәтіндерді тыңдату, сол мәтіндерге қатысты түрлі жаттығулар, тест тапсырмаларын, басқа да шығармашылық тапсырмалар беру, интерактивті тақта арқылы түрлі слайдтар, видеофильмдер көрсету баланың қазақша ойлап, өз ойын жинақтап, байланыстырып, сөйлеуіне, сауатты жазуды меңгеруіне көмектеседі.

Қазақ тілі пәнінің алдына қойылатын басты мақсаты – білім алушылардың оқу стандартына сәйкес орта мектепке негізделген грамматиканы меңгеріп, белгілі бір дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын екінші адамға жеткізе алатындай және өзге адамның ойын түсіне алатындай деңгейге жеткізу. Сөз қоршаған ортаны нақты мағынамен көрсете келіп, адам ойының сөйлем арқылы сыртқа шығуына негіз болады. Сонымен қатар қатысымдық тұлға ретінде қолданғанда ішкі мән-мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркесу ерекшелігі жағынан да, айтылымы мен жазылымы тарапынан да, дауыс ырғағына байланысты қосымша реңімен де тіл үйренуші- білім алушының назарын аудартады. Сөйтіп, сөз сөйлемнің жасалуына әсер етсе, сөйлем мәтіннің ұйтқысы болады. «Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлілігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы» [7]. Мұғалім білім алушының үйренген сөздерін қолдана білуіне жағдай туғыза білу керек. Бұл бағытта мұғалім білім алушыға әр тақырыпқа сәйкес сөздік жұмысын жасатып, синонимдік, антонимдік түсіндірме сөздіктер бойынша тапсырмалар бере отырып, «Сөз жарысы», «Сөзтізбек» сынды ойын түрлерін өткізіп отырса тиімді болмақ. Білім алушы белгілі бір тақырып аясында сөздерді меңгеріп, ойын жүйелі, мәнерлі түрде жеткізе алса, бұл жақсы жетістік.

Психологиялық процестердің ішінде тіл үйренуге қатыстыларының бірі – ес. «Ес дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс» [8]. Ес адамның қабылдау, ойлау, қиял сияқты құбылыстарымен тығыз байланысты. Ол әсіресе, ойлау үшін аса қажет. Ж.Аймауытұлы: «... еске түсіру дегеніміз – ойлау өнері. Өз жадымызда не шәкірттеріміздің жадында бір нәрсені берік орнату үшін саналы күшімізді із қалдыруға, тұтуға жұмсағаннан да, жаңаны бұрынғы таныс нәрсемен байланыстыруға жұмсауымыз керек. Байланыстырудың мәнісі ойлау деген сөз», – дейді [1]. Демек, адамның ойлау қабілеті ес дамуымен тығыз байланысты. Ғалымдардың пікірінше: «Баланың жеке басын қалыптастыруда оның есін тәрбиелеу айырықша орын алады. Мектептегі оқу-тәрбие процесінің негізгі мақсаттарының

бірі – баланың есін үздіксіз дамытып отыру. Баланың оқу материалдарын ұмытпай, есте сақтауына қолайлы жағдайлар жасау – әрбір мұғалімнің міндеті» [8].

Тіл үйренуші білім алушыны жаңа сөздерді саналы түрде меңгеріп, есінде ұзақ сақтап, оны сөйлеу барысында дұрыс пайдалана білуге үйрету үшін жағдаятты тапсырмалар орындау, әртүрлі оқиғаларға өз көзқарасын білдіру, сөйлесім құрастыру, әсіресе берілген мәтінді әңгімелеуде жаттандылықтан аулақ болуға баулыған жөн. Мұғалім білім алушының мәтінді өз сөзімен, мәтіндегі оқиғаға өз көзқарасын, ойын білдіре отырып әңгімелеуін талап етіп отыруы тиіс. Психолог-ғалым Қ.Жарықбаев еңбегінде: «Есте қалдыруға тиіс шығарманы адам мүмкіндігінше өз сөзімен құрастырған сөйлемдермен айтып бергені абзал. Егер бала мұғалімнің айтқанын, не өзінің кітаптан оқығанын сөзбе-сөз айтып беретін болса, мұндай жағдайда оның есте қалдыру қабілеті жақсармайды», - дейді. [8]. Естің есте қалдыру, есте сақтау, ұмыту деген түрлері бар. Игерген тақырыпты есте қалдыру үшін әр уақытта мақсат қойып отыру керек. Мәселен, білім алушыға белгілі бір жаңа сөздерді, өлеңдерді немесе мәтінді беріп, келесі сабақта айтып бересіңдер десе, білім алушылардың көпшілігі соны есінде ұстап орындап келеді. Себебі мұнда сол тапсырманы есте берік ұстау мақсат етіп қойылған. Берілген тапсырмаларды терең ұғыну, сөздердің, мәтіннің мағынасын түсіну, оны жүйелей білу арнайы есте сақтаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Арнайы есте сақтау өз нәтижесін беру үшін белгілі бір көрнекі құралдарды (кестелер, сызбалар, слайдтар) тиімді қолдануға болады.

В нашей педагогике, еще с времен Советского союза такая деятельность определена термином **воспитание**, которое несло в себе преимущественно идеологический характер и принципиально было настроено на формирование «Советского человека». Такое восприятие существующей действительности и явилось основополагающим направлением деятельности руководящего состава государства в целом, и субъектов педагогической деятельности (далее - СПД) в частности.

Основной проблемой для большинства офицеров в педагогической деятельности являются в первую очередь, не понимание термина воспитания, что во вторую очередь не будет способствовать продуктивной системе его деятельности, и в третью очередь не позволит использовать его творческий потенциал в педагогике, рассматриваемой как **искусство**.

В этом отношении необходимо отдать должное известному педагогу Российской Федерации И.П. Подласому, который как ни как лучше произвел смысловую интерпретацию термину - *воспитанию*.

Контрастное очертание этого термина в нашем случае, нашло отражение в целом, на четырех смысловых значениях:

- воспитание в широком социальном смысле;
- воспитание в широком педагогическом смысле;
- воспитание в узком педагогическом смысле;
- воспитание в узком коррекционном смысле.

*Широкий социальный смысл* воспитания заложен в социально-экономических и педагогических условиях повседневной жизнедеятельности подразделения, где строгий распорядок дня, регламент служебного времени, режим трехразового питания, 8-ми часов сон, ограничения свободы слова, действия и права военнослужащих за определенный участок времени формирует у них такие качества, как воинское братство, дружбу, товарищество и слаженность, в тоже время социализирует их к преодолению тягот и лишений воинской службы. Соответственно мы приходим к выводу, что *социализация есть условие воспитания* военнослужащих [5, с. 152].

*Широкий педагогический смысл* воспитания, подразумевает под собою двустороннюю активную познавательную деятельность военнослужащих и основан на обучении объектов педагогической деятельности в боевой подготовке, где формируются такие качества как профессиональное мастерство, выносливость, терпение и психологическая устойчивость к ведению боевых действий в военное время. Такая интерпретация приводит к выводу, что *обучение – есть средство воспитания военнослужащих* [5, с. 165].

*Узкий педагогический смысл* воспитания подразумевает по собою целенаправленную работу субъектов педагогической деятельности по формированию в сознании военнослужащих взглядов и мировоззрений на существующую действительность, соблюдения норм общественного поведения. И как правило воспитание в этом смысловом

значении предусматривает целенаправленную *воспитательную работу*, где она – *есть процесс воспитания военнослужащих* [5, с. 189].

Говоря о *узком коррекционном смысле* воспитания, надо понимать, что нарушение военнослужащими общепринятых норм жизнедеятельности должно нести в себе поправочные и дисциплинарные коррективы, которые в психофизическом плане предоставляют возможность военнослужащему самостоятельно оценить ситуацию и принять правильные решения в рамках правовой компетенции.

Таким образом, мы приходим к выводу, что под термином – воспитание, необходимо понимать свою работу в том или ином направлении деятельности, которые являются основными критериями укрепления воинской дисциплины и повышения уровня боевой готовности подразделения в целом. Так мы пришли к умозаключению на *философском уровне* методологии педагогической науки по первой обозначенной проблеме.

Такое понимание существующей действительности позволяет нам создать военно-педагогическую систему воспитания (формирования) (далее – ВПСВ(Ф)) у военнослужащих необходимых качеств как защитника Родины, так и ее достойных граждан.

А для этого надо знать прежде всего, что *основной частью* этой системы будут являться те же социально-экономические и педагогические условия *воинской (боевой) службы*, которые мы создадим и будем ими руководить.

В нашем случае, согласно должностным и функциональным обязанностям это направление возложено на *начальника штаба* воинской части и заместителей командира по направлениям *технического и тылового обеспечения*, деятельность которых во многом определяют продуктивность учебно(служебно)-боевой деятельности подразделения (далее У(С)БД) и приводят к формированию таких психофизических качеств как *выносливость, выдержка и устойчивость*.

Если говорить об *обучении и воспитании*, то в этом случае необходимо их сразу соотнести в ранг составных частей военно-педагогической системы, где они в основной части У(С)БД в *боевой подготовке* будут являться как средство и *воспитательной работе* как целенаправленный процесс воспитания военнослужащих, курируемых *заместителями командира части по боевой подготовке и воспитательной и социально-правовой работе* соответственно, что соответственно формирует такие психофизические качества как *психологическая устойчивость, уверенность, чувство ответственности и любовь Родине, неприязни к вероятному противнику, соблюдение общественных норм жизнедеятельности* соответственно.

Именно, при создании и соблюдении этих условий возможна целенаправленная работа по формированию общественного сознания в целом, и мировоззрений и взглядов в частности.

Таким образом, мы преобразуем стратегический замысел воспитания в широком смысле слова, где ее определение в научной интерпретации излагается как *всестороннее воздействие на сознание, чувство и волю военнослужащих по формированию у них высоких морально-боевых качеств, соблюдения норм общественного поведения*. И что быть до конца понятным, хотелось бы остановиться на понятии – «всестороннее», где воинская (боевая) служба, рассматривается как сторона *социализации*, формирующей *волю* военнослужащего и являющейся *условием воспитания*, Боевая подготовка (обучение в широком педагогическом смысле) как составная часть и сторона, формирующая *чувства* военнослужащего, является *средством воспитания*, а также воспитательную работу (воспитание в узком смысле) как сторону, направленную на формирование *сознания* военнослужащего и являющуюся *процессом воспитания*

Такое понимание существующей действительности должно быть присуще каждому офицеру, начиная от командира взвода до командования подразделений и воинских частей ВС РК. Знание военно-педагогической системы, позволит понять *командиру взвода* свое место и значение в тактическом и оперативном решении педагогической задачи в обучении личного состава, а *заместителю командира роты по ВиСПР* в воспитательной работе в

соответствии с ее стратегическим замыслом, когда целостную систему воспитания в подразделении осуществляет **командир роты**.

Теперь нам необходимо будет *познать и преобразовать* на технологическом уровне методологии педагогической науки, т.е. в педагогической деятельности. Продуктивность деятельности руководителя будет зависеть от его способности руководствоваться стратегическими принципами воспитания, где **в процессе социализации** личного состава он должен опираться на принципы *воспитания их в воинской деятельности и в коллективе, и через коллектив, в процессе обучения* руководствоваться *гуманистическими* принципами и *строгой требовательности с уважением личного достоинства воинов, в процессе воспитательной работы* – принципами индивидуального и дифференцированного подхода и опоры на положительное.

Такое стратегическое соблюдение принципов будет во многом способствовать проявлению положительных результатов в воспитании (формировании) заданных качеств у военнослужащих по направлениям.

Объединяющим все направления деятельности офицеров в У(С)БД, должен быть принцип *единства, согласованности и преемственности*, подразумевающий под собою единство целей воспитания между офицерами, согласованности в их действиях по воспитанию с опорой на предыдущий опыт и рекомендации.

Если обратиться к стилям руководства личным составом с психологической стороны, то наиболее приемлемыми **при социализации** воинов к воинской службе будет преимущественно *авторитарный* стиль, что подразумевает под собою строгий спрос за нарушение основной части системы, **при обучении** – преимущественно *демократический*, что подразумевает исключительно двустороннюю активность субъектов и объектов педагогической деятельности в познавательной деятельности, **при воспитательной работе** – преимущественно *либеральный*, что подразумевает под собой познание внутреннего мира военнослужащего и его психологического настроя на дальнейшее качественное выполнение своих должностных обязанностей. [5, с. 256]

Технологическая основа деятельности каждого руководителя должна всегда сводиться к ее *организационной*, а затем уже к *руководящей* деятельности, где первое подразумевает под собою стратегическое конструирование педагогической задачи в замысле, тактическое ее планирование и подготовка к ее решению. Руководство, есть оперативное решение педагогической задачи, зависящее от педагогических способностей руководителя создавать морально-психологическую обстановку в коллективе и мотивационное поле для активизации саморазвития военнослужащих, применять стилистику руководства и общения. Такая интерпретация педагогической технологии на философском уровне методологии будет звучать как пословица: «Семь раз отмерь, один раз отрежь» [5, с. 207].

Основными критериями педагогической деятельности офицера при непосредственной реализации заранее спроектированного проекта в психолого-педагогическом плане являются, во-первых, это его внешний вид, опрятность, осанка и выправка, педагогическая культура и общение, которые создадут необходимую морально-психологическую обстановку в группе обучаемых. Именно по этим критериям происходит **процесс восприятия** обучаемыми существующей действительности. (пословица «Встречают по одежке»)

Во-вторых, способность руководителя пробудить в сознании обучаемых интерес, как потребность, которая требует от них активизации деятельности, т.е., формирует положительные мотивы к познавательной деятельности. Именно по этому критерию происходит **процесс познания** ими тематики существующей действительности, способствующей ее **пониманию** и определения выводов по ней. В отношении руководителя складывается определенное мнение (пословица «Провожают по уму»).

В-третьих, полученные ими знания, навыки и умения, будут способствовать в предстоящей их преобразовательной деятельности в той или иной педагогической ситуации или решении педагогических задач.

Таким образом, вашему вниманию была предоставлена методологическая интерпретация содержания рассматриваемого проблемного вопроса, раскрыта структурно-логическая система познания педагогической действительности и даны общие представления и рекомендации к предстоящей преобразовательной деятельности в воспитании военнослужащих в широком (стратегическом) смысле решения педагогических задач в этой области и формирования общественного сознания.

В заключении, хотелось бы отметить, что продуктивному осуществлению военно-педагогического процесса в подразделениях будут способствовать знания каждым руководителем психофизических особенностей объектов педагогической деятельности, основ философского моделирования содержания передаваемой информации для расширения общего кругозора военнослужащих и выработки у них мировоззрения о воинской действительности [3].

Целостное содержание данной статьи направлено на формирование управленческой компетенции не зависимо от категорий военнослужащих и представляет свое завершение на конвенциональном уровне общенаучного восприятия существующей действительности, что дает возможность более глубокого познания ее на конкретно-научном уровне методологии педагогической науки, где вы поймете значение общественного сознания в деле продуктивно развития Казахстана во всех отраслях ее деятельности и формирования высоких морально-боевых и нравственных качеств.

#### **Список использованных источников:**

1. Абай. Слова-назидания. – Алматы, 1976.
2. Габитов Т. Х. Философия: Учебник для студентов вузов и колледжей. Алматы: Раритет, 2006. – 408 с.
3. Пустошкин Е. Кен Колберг/ Краткая история всего (перевод с англ.) М.: изд. Дом «Постум», 2015.
4. Ельжанов Д.Ш. Формула жизни. Методологическое пособие в помощь офицерам и руководителям НВП. Изд-2. пераб. и доп. П/п-ск, 2018 -102 с. ил.;
5. Ельжанов Д.Ш., Имиров С.К., Мухамедина Э.Ж. Учебное пособие: Военная педагогика. Педагогический практикум. П/п-ск, 2017– 320 с. ил.;

*Бұл мақалада тақырыптың мазмұны педагогикалық ғылым әдіснамасының барлық деңгейлерінде білім мен қайта құру жүйесін қалыптастыру қазіргі шындық ретінде ашылған. Берілген педагогикалық жүйеде қажетті қасиеттерді қалыптастыру үшін педагогикалық жүйе ұсынылған және оларға қол жеткізу бойынша ұсыныстар берілген. Әдістемелік түсіндіруде бұл мақала оның мазмұнын әскери қызметшілердің барлық санаттарымен иегеруге мүмкіндік береді.*

*Түйінді сөздер:* жүйе, жалпы ғылым, философиялық және технологиялық деңгей, стиль, жағдайлар, құралдар, құралдар, процесс, құбылыс, нәтиже мақсат.

\*\*\*\*\*

#### **С.Б. ЖАКУБАЕВА<sup>1</sup>, А.Ж. МАКЖАНОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> № 9 орта мектеп КММ бастауыш сынып мұғалімі, Петропавл қ.;

<sup>2</sup> Жұмабек Тәшенов атындағы 20 орта мектеп КММ бастауыш сынып мұғалімі, Петропавл қ.

#### **АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҮЛ**

*Осы мақалада тәуелсіздік алған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейінгі ана тілімізге қатысты өзекті мәселелер көтерілген. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру деңгейі, ол бәрімізге ортақ тіл екенін, әсіресе жас ұрпақтың санасын арттыру негізінде жеткізу*

жолдары қарастырылған. Сонымен қатар қазіргі біздің қазақ тіліміздің қоғамның бүкіл саласында қолдануға жарамды екенін дәлелдеу болып табылады.

*Түйінді сөздер:* қазақ тілі, тәуелсіздік, Отан, отбасы, жастар, қазақ халқы, ұлттық сана.

Құрметті, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар! Қазақ әрдайым өзінің әдемі, құдіретті әрі ауқымды тілімен танылған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында атап айтқандай, «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болу керек» [1].

Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс. Құрметті ақынымыз Қадыр Мырзалиев:

*Ана тілің – арың бұл*

*Ұятың боп тұр бетте*

*Өзге тілдің бәрін біл*

*Өз тіліңді құрметте* – деген тұжырымы бұл барлығымызға қойылатын талап. Осы мақсатта мақала авторы, бүгінгі конференциядағы пікірталасымыздың тақырыбын да осы тілге байланысты алып отырмыз.

Ата заңымыздың 7-бабында:

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды, – деп көрсетілген [2].

Мемлекеттік тіл тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің туы, елтаңбасы, әнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де – мемлекеттігіміздің негізгі нышанының бірі. Тіл туралы заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз. Ата заңының баптарында сонымен қатар «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы заңда» айтылған басты мәселе мемлекеттік қазақ тілін дамыту.

Ұлт болған жерде тіл, тіл болған жерде оның мәселесі де болады. Қазақ тілінің мәселесі өткен ғасырдың басынан бері қозғалып келеді. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған тіл мәселесін жаңа ғасырдың алғашқы жиырма жылдығында түбегейлі шешуге мемлекет те мүдделі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында: «**Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз**» – деген болатын [3].

Сол себепті бұл жауапкершілік тек мемлекетке немесе қазақ тілі мамандарына ғана жүктелмеуі тиіс. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан! Тіл меңгеруде ата-ананың рөлі ерекше екенін, әр отбасы уыз шағынан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің еш

қиындығы жоқ. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Мұхтар Шахановша айтатын болсақ, қазіргі таңда қазақтардың ішінде өз тілін өгейсіп, «мәңгүрттеніп» жүргендер көп.

Біздің мемлекетіміз көп ұлтты мемлекет. Қанша ұлт өкілдері тұрады! Бірақ солар өз ана тілдерін ұмытпай, ардақтап, сол тілдерінде бір бірімен сөйлеспей ме? Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жәйт. **Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.**

Қазіргі біздің қазақ тіліміз қоғамның бүкіл саласына қолдануға жарамды, заман талабына толығымен жауап бере алатын көркем тіл. Бірақ, тамаша тіліміз бір қатерлі дертке ұшырағандай. Бұл өзі бәрімізді толғандырып жүрген мәселе [4].

Сабырдың бесігіне салып тербетіп, қазақтың жуастығын пайдаланып, «сабыр-сабырмен» төзімін жұқартып, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген жасанды айқай-сүреңмен халықты алдап, уақыт ұттырып, орыс тілінің қазақ тілінен басым болуына көзге көрсетпей ықпал жасап, қазақ тілін «мазақ» тілге айналдырған, намысымызды жер қылып, тілімізді аяқ асты еткен жағдайлар барлық салаларда жиі кездеседі.

Жарнамалардағы, тіптен күнделікті өміріміздегі қостілділік, тіпті үштілділік қазақ тілінің сорына айналды. Зандағы «жарнамалар, мекенжайлар, маңдайшалар атауларының алдымен қазақшасы, кейін орысшасы тұрсын» дегенді де оңдырмадық. Мысалы: «дүкені Айбек магазин», «мейрамханасы (Бәленше) ресторан», «кафесі Нұргүл кафе» т.т. Міне, осылай қысқартып, үнемдеу арқылы қазақ тілін бір масқаралап отырмыз [4].

Әдеттегідей көшедегі екі тілді жарнамалардың орысшасынан мін таба алмайсың. Ал қазақшасына келгенде оңбай сүрінеміз. Мағынасы жағынан екі жаққа қарсы тұрады. Тіпті қазақшада жоқ сөйлемдерді тауып алады. Мысал ма, мысал көп. «Алатау» кинотеатрының алдындағы «Пастырь» деген кино жарнамасында орысша «И один в поле воин» деген сөйлемнің қазақшасын «Тіпті өрісте де жауынгер» деп, ал «Тастак» базарында бір букмейкер дүңгіршегінде «принимаем ставки на спорт» деген сөйлемді «спортқа жалакиді қабылдаймыз» деп аударып қойған. Бұл не сұмдық! Бұндай жарнамалар еліміздің кез келген қаласында толып жатыр [4].

Осы заманда Қазақстан жастарының басын қосатын ол – интернет желісі. Осыны жөнді қазақшылыққа келтіре алсақ. Қазақ интернетінің өзі қазақ тілін дамытуға емес, қайта қазақ тілін ұмытуға итермелейтіндей. Себебі «kz» тұратын парақшалардың өзінде орыс тілінде әдемілеп тұрып мәліметтер көрсетілген. Ал қазақ тілінде іздесең саны да аз, сапасы да төмен материалдар өте жиі кездеседі. Көрнекті қазақ иісі аңқыған даналарымыздың қанша жылдық еңбектерінің өзі интернетте бұрмаланып, не қателіктермен шығады. Қазіргі күнгі қажетті ақпаратты іздейтін құрал – интернет емес пе? Біз интернетті қайта жастарды тілімізге баулитын бірден – бір айнымас көмекші құрал ретінде көруіміз керек. Осындай ауқымды көмекшінің өзін біз мәдениетіміздің дамуына арнап пайдалана алмаймыз. Бірақ интернет елімізде енді өріс алып келе жатқанына қарап әлі де оңды түзетулер жасауға кеш емес секілді. Осы құрал арқылы тілімізді тек Қазақстанда ғана дамыта қоймай, басқа мемлекеттерге, ұлттарға таныстыра және қызықтыра аламыз. Ал қазірше өзіміздің елімізде тілімізді жөнге салып алуымыз керек. Қалған белестерді осыдан соң жүзеге асыра жатармыз.

Осындай мәселелер біздің қаламызда да орын алып отыр. Мәселен, біріншіден – Петропавл қаласында 40-қа жуық білім ордасы (мектептер) бар, соның 8-і ғана қазақ тілінде білім береді (барлық мектептердің 20 % ғана құрайды).

Екіншіден, газет-журнал сататын киоск пен сату орындарында мерзімді баспасөздің 80 %-ы орысша, ал тек 20 %-ы ғана қазақша екен.

Үшіншіден, коммуналдық қызмет көрсету ұйымдарында (кейбір екінші деңгейлі банктерде) халыққа қызметті басым көпшілігі (мамандар) орыс тілінде көрсетеді. Тағы да сол сияқты өзекті мәселелер көп. Бұл да бір айтарға тұрарлық мәселелердің бірі болып табылады.

Осындай тіліміз жайлы жауапты мәселелерді қазақстандықтар болып, жоғарыдағы басқарып жүрген шенеуніктер болып талқылау, сараптау әр қазақстандықтың өз елінің, тілінің жанашырларының парызы емес пе? Және де осыны түзетіп, жүзеге асырсақ онда бұл нұр үстіне – нұр болар еді.

Қазақ тілін – «Мемлекеттік тіл» деңгейіне дейін көтеру үшін келесі ұсыныстарымызды қабыл алсаңыздар:

1. Қазақ тілінде оқытатын білім ордаларының санын көбейту.
2. Жоғары оқу орындарында барлық мамандықтар бойынша қазақ тілінде оқыту.
3. Облыс (қала) деңгейіндегі іс-шараларды міндетті түрде қазақша өткізу.
4. Қазақ тілін жетік меңгерген басқа ұлт өкілдерін көтермелеу.
3. Кітапханалардағы қазақ тіліндегі кітаптардың санын көбейту және басылымға шығарылып жатқан оқулықтардың сапасын көтеру.
4. Лауазымдық саты бойынша көтерілу барысында, лауазымдық тұлғалар мемлекеттік тілден емтихан тапсыруға жүктелсін.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтанда тілді оқып-үйренуді барынша жоғары деңгейге көтеру қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тіл туралы талап міндеттерінде «**Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін**» деген. Бұл әр қазақстандықтың кастерлі парызы.

Сөзіміздің соңын Ахмет Байтұрсыновтың ана тілі туралы айтқан мынадай көрікті ойымен аяқтағымыз келеді: «**Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл**».

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы. Егемен Қазақстан газеті, 2021 жылғы 5 қаңтар.
2. «Қазақстан Республикасының Конституциясы», Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 4, 217-құжат.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Қалиев Қабдөш Қазақстан: тәуелсіздік және мемлекеттік тіл (монография), Петропавл, 2005. – 158 бет.
5. <http://www.makala.kz>.

*В данной статье поднимаются актуальные проблемы развития казахского языка с момента приобретения независимости до наших дней. Рассматриваются пути повышения государственного языка, как языка объединяющего всех, особенно на основе повышения самосознания подрастающего поколения. В том числе казахского языка как используемого во сферах жизнедеятельности общества в целом.*

*Ключевые слова:* казахский язык, независимость, Родина, семья, молодежь, казахский народ, национальное сознание.

*This article raises the actual problems of the development of the Kazakh language with from the moment of gaining independence to the present day. Ways to increase state language, as a language that unites everyone, especially on the basis of increasing self-awareness of the growing generation. In that pure Kazakh language as used in the spheres of society as a whole.*

*Key words:* Kazakh language, independence, Motherland, family, youth, Kazakh people, national consciousness.

\*\*\*\*\*

**Р.Б. ЖАКУПЕКОВ**, начальник кафедры физической подготовки и спорта Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, подполковник.

## **ДОСТИЖЕНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ**

*Здоровье – бесценное достояние не только каждого человека, но и всего общества. При встречах, расставаниях с близкими и дорогими людьми мы желаем им доброго и крепкого здоровья, так как это – основное условие и залог полноценной и счастливой жизни. Охрана собственного здоровья – это непосредственная обязанность каждого, человек не вправе перекладывать ее на окружающих. Ведь нередко бывает и так, что индивидuum неправильным образом жизни, вредными привычками, гиподинамией, перееданием уже к 20-30 годам доводит себя до катастрофического состояния и лишь тогда вспоминает о медицине. Какой бы совершенной ни была медицина, она не может избавить каждого от всех болезней. Человек – сам творец своего здоровья, за которое надо бороться. Научные данные свидетельствуют о том, что у большинства людей при соблюдении ими гигиенических правил есть возможность жить до 100 лет и более. К сожалению, многие люди не соблюдают простейших, обоснованных наукой норм здорового образа жизни.*

*Ключевые слова:* здоровый образ жизни.

### **Основные положения**

Одни становятся жертвами малоподвижности (гиподинамией), вызывающей преждевременное старение, другие излишествуют в еде с почти неизбежным в этих случаях развитием ожирения, склероза сосудов, а у некоторых - сахарного диабета, третьи не умеют отдыхать, отвлекаться от производственных и бытовых забот, вечно беспокожны, нервны, страдают бессонницей, что в конечном итоге приводит к многочисленным заболеваниям внутренних органов. Некоторые люди, поддаваясь пагубной привычке к курению и алкоголю, активно укорачивают свою жизнь. В связи с этим важной задачей человека и общества является привитие каждому мысли о заботе и оберегании собственного здоровья. Только четко спланированные мероприятия по укреплению физического состояния способны устранить или хотя бы ослабить пагубное воздействие окружающей среды и вредных привычек.

Для того, чтобы лучше понять, как именно стоит построить систему занятий физической культурой для спасения собственного организма, следует сначала четко уяснить себе, что мы хотим восстановить и с чего следует начать. Конечной целью любого оздоровительного процесса является достижения состояния здоровья.

Что же такое здоровье? Казалось бы, самый простой ответ должен гласить, что здоровье – это отсутствие болезней. Но такого понимания здоровья, распространённого в быту, недостаточно. Не случайно до сих пор не прекращаются дискуссии специалистов, пытающихся дать определение понятию здоровья. По определению Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) «здоровье – состояние полного физического, духовного (психического) и социального благополучия, а не только отсутствие болезней и физических дефектов». Вообще, можно говорить о трех видах здоровья: о здоровье физическом, психическом и нравственном (социальном):

Физическое здоровье - это естественное состояние организма, обусловленное нормальным функционированием всех его органов и систем. Если хорошо работают все органы и системы, то и весь организм человека (система саморегулирующаяся) правильно функционирует и развивается.

Психическое здоровье зависит от состояния головного мозга, оно характеризуется уровнем и качеством мышления, развитием внимания и памяти, степенью эмоциональной устойчивости, развитием волевых качеств.

Нравственное здоровье определяется теми моральными принципами, которые являются основой социальной жизни человека, т.е. жизни в определенном человеческом

обществе. Отличительными признаками нравственного здоровья человека являются, прежде всего, сознательное отношение к труду, овладение сокровищами культуры, активное неприятие нравов и привычек, противоречащих нормальному образу жизни. Физически и психически здоровый человек может быть нравственным уродом, если он пренебрегает нормами морали. Поэтому социальное здоровье считается высшей мерой человеческого здоровья. Нравственно здоровым людям присущ ряд общечеловеческих качеств, которые и делают их настоящими гражданами.

Следовательно, для достижения состояния здоровья необходимо и достаточно следить за соблюдением порядка, в котором организм отвечает определениям всех трех типов здоровья. Это может быть достигнуто путем приобщения к какому-либо физкультурному сообществу или кружку. Однако в наше беспокойное настоящее у городского человека часто не находится свободного времени для принятия участия в подобных движениях. В этом случае индивидуум должен составить себе программу самостоятельно.

Необходимо изучать все составляющие здорового образа жизни: правильное питание, закаливание и использование других немедикаментозных методов оздоровления, использование биологически активных добавок к пище (БАД) для профилактики и оздоровления. Научные исследования, проводимые в нашей стране, направлены на изучение влияния отдельных факторов или их комплексов на течение различных заболеваний. В последние годы разрабатываются вопросы коррекции здоровья и профилактики заболеваний с позиции системного подхода к поддержанию и восстановлению здоровья человека и улучшению качества жизни. Многие уже осознали, что они должны сами отвечать за свое здоровье и здоровье своих детей и близких. Этому надо учиться. Вот почему так важны лекции, конференции, семинары, обмен опытом. Необходимо выработать общую концепцию.

В настоящее время особенно важными в охране физического здоровья становятся два аспекта:

1) повышение сопротивляемости к острым заболеваниям верхних дыхательных путей с помощью различных закаливающих процедур, а также введение в каждодневный рацион БАД, укрепляющих иммунитет,

2) с другой стороны – изучение и внедрение в широкую практику тех не фармакологических натуропатических мер помощи, которые прошли проверку временем.

Следующей составляющей здорового образа жизни является рациональное питание. Когда о нем идет речь, следует помнить о двух основных законах, нарушение которых опасно для здоровья.

Первый закон – закон равновесия получаемой и расходуемой энергии. Если организм получает энергии больше, чем расходует, то есть если мы получаем пищи больше, чем это необходимо для нормального развития человека, для работы и хорошего самочувствия, мы полнеем. Сейчас более трети нашей страны, включая детей, имеет лишний вес. А причина одна – избыточное питание, что в итоге приводит к атеросклерозу, ишемической болезни сердца, гипертонии, сахарному диабету, целому ряду других недугов.

Второй закон – закон соответствия химического состава рациона физиологическим потребностям организма в пищевых веществах. Питание должно быть разнообразным и обеспечивать потребности в белках, жирах, углеводах, витаминах, минеральных веществах, пищевых волокнах. Многие из этих веществ незаменимы, поскольку не образуются в организме, а поступают только с пищей. Отсутствие хотя бы одного из них, например, витамина С, приводит к заболеванию и даже смерти. Витамины группы В мы получаем главным образом с хлебом из муки грубого помола, а источником витамина А и других жирорастворимых витаминов являются молочная продукция, рыбий жир, печень.

Не каждый из нас знает, что нужно научиться культуре разумного потребления, воздерживаться от соблазна взять еще кусочек вкусного продукта, дающего лишние калории, или вносящего дисбаланс. Ведь любое отклонение от законов рационального питания приводит к нарушению здоровья. Организм человека расходует энергию не только в период

физической активности (во время работы, занятий спортом и др.), но и в состоянии относительного покоя (во время сна, отдыха лежа), когда энергия используется для поддержания физиологических функций организма - сохранения постоянной температуры тела. Установлено, что у здорового человека среднего возраста при нормальной массе тела расходуется 7 килокалорий в час на каждый килограмм массы тела.

Первым правилом в любой естественной системе питания должно быть:

Прием пищи только при ощущениях голода.

Отказ от приема пищи при болях, умственном и физическом недомоганиях, при лихорадке и повышенной температуре тела.

Отказ от приема пищи непосредственно перед сном, а также до и после серьезной работы, физической либо умственной.

Крайне важно иметь свободное время для усвоения пищи. Представление, что физические упражнения после еды способствуют пищеварению, является грубой ошибкой.

Прием пищи должен состоять из смешанных продуктов, являющихся источниками белков, жиров и углеводов, витаминов и минеральных веществ. Только в этом случае удастся достичь сбалансированного соотношения пищевых веществ и незаменимых факторов питания, обеспечить не только высокий уровень переваривания и всасывания пищевых веществ, но и их транспортировку к тканям и клеткам, полное их усвоение на уровне клетки.

Рациональное питание обеспечивает правильный рост и формирование организма, способствует сохранению здоровья, высокой работоспособности и продлению жизни.

Лицам, страдающим хроническими заболеваниями, нужно соблюдать диету. Особенно важно это в случае заболеваний, особенно опасных для жизни, типа сахарного диабета, и для работоспособности, типа миопии или амблиопии. Здесь ошибка в рациональном питании необходимого для больного органа и/или системы органов вещества может привести не только к ухудшению его функционирования, но и к полному атрофированию (примером может являться отслоение сетчатой оболочки глаза при отсутствии в рационе необходимого количества цинка – процесс отслоения наступает быстро и необратимо при малейшем превышении допустимой физической нагрузки).

Способ достижения гармонии человека один - систематическое выполнение физических упражнений. Кроме того, экспериментально доказано, что регулярные занятия физкультурой, которые рационально входят в режим труда и отдыха, способствуют не только укреплению здоровья, но и существенно повышают эффективность производственной деятельности. Однако не все двигательные действия, выполняемые в быту и процессе работы, являются физическими упражнениями. Ими могут быть только движения, специально подбираемые для воздействия на различные органы и системы, развития физических качеств, коррекции дефектов телосложения.

### **Заключение**

Таким образом, физические упражнения окажут положительное воздействие, если при занятиях будут соблюдаться определенные правила. Необходимо следить за состоянием здоровья – это нужно для того, чтобы не причинить себе вреда, занимаясь физическими упражнениями. Если имеются нарушения со стороны сердечно-сосудистой системы, упражнения, требующие существенного напряжения, могут привести к ухудшению деятельности сердца.

При заболевании органов дыхания рекомендуют лишь общеразвивающую гимнастику. Нельзя делать физические упражнения при выраженном сердцебиении, головокружении, головной боли и др.

Не следует заниматься сразу после болезни. Нужно выдержать определенный период, чтобы функции организма восстановились – только тогда физкультура принесет пользу.

При выполнении физических упражнений организм человека реагирует на заданную нагрузку ответными реакциями. Активизируется деятельность всех органов и систем, в результате чего расходуются энергетические ресурсы, повышается подвижность нервных процессов, укрепляются мышечная и костно-связочная системы. Таким образом, улучшается

физическая подготовленность занимающихся, и в результате этого достигается такое состояние организма, когда нагрузки переносятся легко, а бывшие ранее недоступными результаты в разных видах физических упражнений становятся нормой. У вас всегда хорошее самочувствие, желание заниматься, приподнятое настроение и хороший сон. При правильных и регулярных занятиях физическими упражнениями тренированность улучшается из года в год, а вы будете в хорошей форме на протяжении длительного времени.

#### Литература:

- 1 Палычева Л.Н., Лазарев Н.В. Анатомия человека: Русско-латинский атлас. Москва, 2017.
- 2 Брэгг П. Чудо голодания. Минск, 2020.
- 3 Агаджанян Н.А. Познай себя, человек! – Москва – Астрахань: АГМА, 1995.
- 4 Агаджанян Н.А., Катков А.Ю. Резервы нашего организма. – М.: Знание, 1990.
- 5 Волович В.Г. Академия выживания. – М.: Толк. 1995.
- 6 Гуревич П.С. Человек: Пособие для общеобразоват. учеб. заведений. – М.: Дрофа, 1997.

\*\*\*\*\*

#### **В.У. ЗЕЙНИНА<sup>1</sup>, Л.У. ЗЕЙНИНА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Академиясы тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы;

<sup>2</sup> Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Майбалық негізгі орта мектебінің мұғалімі, Петропавл қ.

#### **ЖАСТАРҒА ОТАНСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

*Қазіргі білімнің болашағы мол факторларының бірі – патриоттық және адамгершілік тәрбиесі. Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – жастарды Қазақстандық елжандылық пен Қазақстанда тұратын халықтардың ұлтаралық ынтымақтастығы рухында тәрбиелеу туралы, бұл мәселенің көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғысынан да артып отырғандығы туралы баяндалады.*

*Түйінді сөздер:* тәрбие, рухани, адамгершілік, азаматтық, отансүйгіштік, жастар, мәселе.

Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – жастарды Қазақстандық елжандылық пен Қазақстанда тұратын халықтардың ұлтаралық ынтымақтастығы рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл мәселенің көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғысынан да артып отыр.

Жастар – мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері, қоғамның қозғаушы күші, ел ертеңі. Қазір тәуелсіз елміз. Ата-бабамыз аңсаған еркін елде өмір сүрудеміз. Отанымыз дамып, халықтың жағдайы да жақсаруда. Әркім қалаған еңбегімен айналысып келеді. Бірақ жастар тәрбиесі талайды алаңдатады. Күнделікті тірлікпен қоғамдық көліктерге жиі мініміз. Ал қоғамдық көлік – жастардың (лицей, кәсіптік мектептер, колледж, университетте білім алушылар) қатынас құралы. Сол жастардың өзара сөйлесіп тұрғанын естігенде көңілің құлазиды, ұятың мазалайды. Құлақтарына «құлаққап» (наушник) салып алып музыка тыңдап, ғаламтор желісінен шыға алмаған кейіппен немесе естімеген сыңаймен алдына келіп тұрған үлкендерге орын босатып беруді де біле тұра, білмейді. Біздің қазақтығымызды көрсететін «Ассалаумағалейкум», «Сәлем бердік» деген

жарқын амандасуларымызды естімек түгіл, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетілмеуді де жиі көретін болдық. Алайда, көпке топырақ шашуға болмас. Жоқ емес, бар. Тәрбиелі, инабатты бойжеткен мен сырбаз бозбаланы көргенде айнала нұрға бөленгендей болады. Өйткені, қоғам соны, сол тәрбиелі ұрпақты көргісі келеді.

Халқымыз өскелең ұрпақ тәрбиесінде ұлттық игіліктер мен құндылықтар, дәстүр сабақтастығын сақтауды мақсат тұтқан. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген Мұхтар Әуезовтің сөзінде қаншама ұлттық тәрбие, болашақты болжаған көрегенділік жатыр. Ұлт боламыз десек, тәрбие ана сүтімен беріліп, ана тілімізбен қалыптасып, дәстүрмен үндесіп жатуы шарт. Олай болмаса, қаһарман атамыз Бауыржан Момышұлы айтқан дұдамал ұрпақ өсіп шығатыны сөзсіз. Ел болашағы дұдамал ұрпақтың емес, елім деп жүрегі елжірейтін ұрпақтың өсуі үшін, әуелі, ұялы телефонның әуенін емес, бесік жырын айтатын Ұлжандай аналардың болуымен, немерелеріне ақшаны көп табу қағидаларын айтатын емес, ертегілер мен батырлар жыры арқылы санаға ұлттық тәрбиені сіңіретін Зере мен Айғанымдай әжелердің болуымен, дәстүрді сыйлайтын, дәріптейтін, дастархан басында отыру тәртібі мен отбасы мүшелерімен қарым-қатынас орнату мәнерін білетін отбасының болуымен кемелді болмақ. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр болуы да ғажап емес.

Жаудан да қорықпаған қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы: «Менің үш қорқынышым бар: біріншісі – бесік жырын айта алмайтын келіндердің көбеюі, екіншісі – немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбеюі, үшіншісі – салт-дәстүрін сыйламайтын ұрпақтың көбеюінен қорқамын», – деген екен. [3, 87 б.]

Қазақ халқында біреудің баласы жақсы азамат болса: оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой деп мақтайды. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, отбасы жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен жастарды тек жақсылыққа, қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», – депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жастарға арнаған бір сөзінде: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!», – деген еді. Бұл сөздерді қайталап оқыған сайын біздегі жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиет қандай деңгейде екен деген заңды сұрақ туындайды. Патриоттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру үшін әр уақыттағы қазақ халқының басынан өткен оқиғаларды айта отырып, түсіндіру қажет.

Абай адамгершілік, әдептілік нормалары жайында көптеген пікірлер қалдырды. Олар:

- бірінші қоятын талабы – мораль жағынан ұстамды, таза болу, сыпайы мінезді, жақсы құлықты, әділетшіл, шыншыл болу.

- екінші талабы – тұрақтылық.

- үшінші талабы – әділетшілдік. Әлеуметтік міндеті – дүниені белсене құрушы адамның бірі болып, халқы, Отаны үшін қызмет істеуі.

Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, Абай бойынша білім қорғау, шешен сөйлеу, мәнерлеп оқу мақсатында «Абай – дара, Абай – дана қазақта» әдеби-сазды кеші өткізілді. Кештің мақсаты – Абай шығармашылығын насихаттау арқылы өзге ұлт жастарының ұлттық тәрбиеге деген ынтасын жандандыру, қазақстандық рухани бірлікті қалыптастыру. Бұл тұрғыда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз, Абай әрқашан ұлттық ұранымыз болуға тиіс» деген сөзі еске түседі. Курсанттар ақынның өлеңдерін жатқа оқыды,

викториналық сұрақтарға жауап беріп, сахналық қойылым көрсетті. Кеш курсанттардың жүрек түкпіріне сәуле шашқандай әсер қалдырып, эстетикалық талғамының өркендей түсуіне ықпал жасады.

«... Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз. Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймыз. Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді», – дейді Президентіміз Қ. Тоқаев. [1]

Курсанттарға ел сүйгіштік, ата-ананы сүйу, Отанды сүйу, мәселесінде қандай шығармалар оқығанын, қандай шығармаларды оқуды ойлап жүргендігі жайындағы пікірлері жөнінде әңгімелер өткіздік. Бұл әңгіменің барысында курсанттар өздерінің оқыған шығармаларын атады. М. Әуезовтың, М. Жұмабаевтың, Б. Момышұлының шығармаларын көбірек оқитыны белгілі болды. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, курсанттардың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Б. Момышұлының кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше.

Отан үшін от пен оққа кеудесін тосқан Бауыржан Момышұлы «Отан үшін отқа түс, күймейсін», – деп аманат қалдырған. Осындай Отанын сүйген және ол сезімнен қуат алған, ел қорғаны болған перзенттері бар елдің, алар асуы мен шығар белесі әлі алда.

Олай болса, осы жерді жан-тәнімен сүйетіндер де, оны көздің қарашығындай қорғап, сақтайтындар да – отансүйгіштік рухта тәрбиеленген жастар болып табылады. Біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға, Еділ мен Жайыққа дейінгі ұлан-ғайыр мол жерді талай ғасырлар бойы басқыншы жаудан қорғап, бостандық пен тәуелсіздік жолында жанын пида етті. Сондықтан да біздер халқымыздың қас батырлары – Қабанбай мен Бөгенбайды, Исатай мен Махамбетті, Кенесары мен Наурызбайды, Райымбек пен Қарасайды, Қасым хан мен Абылай ханды қадір тұтып қастерлейміз. Олардың халқы үшін қалтқысыз қызмет еткенін үлгі-өнеге етіп, осындай ата-бабаларымыздың болғанын мақтан етеміз.

Қарулы Күшіміздің алдыңғы сапында қазақ жастарының тұруы, олардың бір кісідей ынтымақпен топтасуы, Ата заңымызда көрсетілген қасиетті борышын, перзенттік парызын орындауы – Отанға, Атамекенге деген сүйіспеншіліктің, негізгі мазмұны, имандылық пен адамгершіліктің негізгі белгісі мен басты өлшемі.

Жастар – қоғамның бір бөлшегі. Сондықтан, сапалы білім мен саналы тәрбиені бойымызға сіңіріп, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін бойымызға сіңіріп өсуікерек.

Әрбір нәрсенің, жағдайдың екі жағы болады. Яғни, ақ пен қара, жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс секілді жағымды мен жағымсыз әрекеттің жүруі де заңдылық. Осы орайда, жастар тәрбиесі мен дәстүр сабақтастығының одан әрі жүйелі де негізді қолға алынуы үшін мына жағдайлар ескерілсе:

Қоғамдық көліктерде ағылшын әуендері емес, тәрбиелілік мәні бар қарасөздер, кеңестер айтылса;

Жастарға, отбасыларға арналған психологиялық тренингтер өткізілетін орталық немесе сағаттар жүргізілсе;

Әр білім ошағында «Ұлдар кеңесі» мен «Қыздар кеңесі» құрылса (кеңес төрағасы мен мүшелері үлгі боларлықтай жүріп, жастардың амандасу, сөйлеу, киіну стильдері қаралып,

бағыт-бағдар, кеңестер берілу үшін. Өйткені, өзгенің (ашық-шашық жүретін жұлдыздардың) өміріне аландаймын деп өз болашақтарын елестетуден, жоспарлаудан қалып бара жатыр).

Біздің тақырыбымыздың өзегі болып отырған ұлттық тәрбие негізінде патриотизмге тәрбиелеу осы пайымдаулардан өрбиді. Мұндай көкейкесті ізгі мақсатты іске асыру жолында мынадай тәрбиелік ұстанымдар басшылыққа алынуы керек:

Біріншіден, күні ертең болашақ маманның елін, жерін сүйетін намысшыл азамат болуын ойластыру. Бұл алдымен, қадірлі қариялардың, көпке сыйлы үлкендердің бата-тілектерінде, ырым-жоралыларында өзекті орын алады.

Екіншіден, жастарды еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Бұл мақсаттағы ой-пікірлер қазақтың халық шығармашылығында мол кездеседі.

Үшіншіден, «бірінші байлық – денсаулық», – деген қағиданы пір тұтқан халқымыз тән сұлулығына ерекше мән берген.

Төртіншіден, халқымыз ізгілікке, адалдыққа, ар-ожданды қастерлеуге, уәдеге берік болуға тәрбиелеген.

Бесіншіден, «Отан отбасынан басталады» деген даналыққа ұйыған халқымыз ұрпағын ата-ананы, үлкендер мен кішілерді құрметтеуге, елдің, халықтың қамқоршысы болуға үндеген.

